Бұл – Қыз Жібектің портреті. Осы төрт жол арқылы автор Қыз Жібектің киген киімін ғана суреттеп тұрған жоқ, бұл жерде кейіпкер мінезі, кейіпкер портреті айқын көрінеді. Біріншіден, киген киімі (*қара торқа кигені, алтындай кебісі*) Қыз Жібектің байдың қызы екендігін, яғни шыққан ортасын, тегін көрсетеді. Екіншіден, «танадай көзі» деген тіркес өте орынды қолданылған. Бұл жерде бір жағынан қыз сұлулығы аңғарылса, екінші жағынан сауатты, көкірек көзі ояу жан екендігін сездіреді. Ал танадай көзінің жалтылдауы – көзінің оты бар, мінезді қыз екендігінен хабардар етеді. Ол алған бетінен қайтпайтын – бірбеткейліктің белгісі. Үшіншіден, «алтындай кебіс сартылдап» деген жолдан Жібектің жинақы, пысық жан екендігі аңғарылады. Төртіншіден, көшті кім бастайды?! Көшті мінезді адам, лидер (көшбасшы) ғана бастайды. Демек, Жібекте ұйымдастырушылық қабілетпен қатар еркелік, дегенін істете алушылық бар. Әрі ол ақылды, ақылды болмаса, оның қасына соншама қыздар жиналар ма еді. Демек, оның құрбылары көп. Ендеше, ол достыққа адал, досшыл, мейірбан жан.

Қаламгерлер кейіпкерінің портрет-мінездемесін етістіктерді орынды жұмсау арқылы да жасайтын тұстар ұшырасып отырады. Мәселен, *Томпақтау дөңгелек қой көзі де шөрейіп тереңдеп, нұры өткірлене түскен* (Т.Ахтанов). Бұл жерде «көзі шөрейіп тереңдеу», «нұры өткірлене түсу» деген етістіктер, біріншіден, «көзі шөрейіп тереңдеп» деген тіркесім арқылы кейіпкердің жас мөлшерінен хабардар етсе, екіншіден, кейіпкердің көпті көрген көнекөз адам екендігін, өмірден алған тәжірибесінен, түйгені мол екендігін білдірген. Ал «нұры өткірлене түскен» деген тіркесті қолдану арқылы Тахауи Ахтанов өз кейіпкерінің қатал мінезін, сұстылығын, жаужүректігін аңғартады.

Кейіпкер портретін жасауда көркем шығармада ылғи да әдеби нормаға сай әсем сөздер қолданыла бермейді. Мәселен, С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы Жорға Нұрымның портреті көбіне қарапайым сөздер арқылы жасалған. Нұрым портретінің қарапайым сөздермен берілуі оның мінезі мен бейнесіне байланысты алынған. Өйткені өзі надан жауыз адамды әсем сөздермен сипаттау еш мүмкін емес. Романда қарапайым сөз арқылы кейіпкердің бейнесі ашылады және оны суреттеуде автордың Нұрымды жақтырмаушылық көзқарасы, мысқылы қоса өріледі. Мәселен, *Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы*

сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елін қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді. Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын иттері болатын. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты төбеті - біздің **Оспан** би еді. Сол кезде бұл екеуінің залымдығына бір өлеңінің айтқаны есімде қалыпты:

Халқыңды қан жылаттың Жорға Нұрым.

Болдың ғой заманымда сорға Нұрым!

Оспан деген жұтқышы тағы шықты,

Бара-бара қайтерсің, қайран күнім!..

деп, құр Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен были-были насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді («Қамар сұлу»). Бұл мысалдың прозамен берілген тұстарының бәрінде қаламгердің көзқарасы айқын аңғарылады. Ал қарапайым, ауызекі тілдегі сөздер қарамен берілген.

Көркем туындыларда портрет кейіпкер бейнесін беруде маңызды қызмет атқарады. Ғалымдар көркем әдебиеттегі портретті екіге бөледі: **жағдаяттық (ситуациялық) портрет** және **жалпы портрет**.

Жалпы портретте көркем бейненің өзіне тән үнемі болып тұратын сипат белгілері суреттелсе, жағдаяттық портрет кейіпкердің бір сәттік эмоциялық кейпін береді. Сөзіміз түсінікті болу үшін мына бір мысалдарды қарастырып көрелік: *Басы ренетейсіз үлкен, мойны қылдырықтай, шибұт, қамытаяқ, не әкесі сияқты қойкөз аққұба емес, не шешесі сияқты қатары емес. Қоңқақ мұрын, мойыл көз жалпақ сары.*

Бұл – мұрнының ұшы қылыштан кетіліп, танауы сәңірейген, көсе, жасы елудің жуан ішіндегі, жалпақ бет, селдір бурыл мұртты қарт адам еді (И.Байзақов).

Тапал бой, тарбақ танау, жылан сұр бет,

Қарады Еркежанға екі-үш рет.

И. Байзақов «**Тапал бой, тарбақ танау, жылан сұр бет**» деген эпитетті метонимияның бір емес бірнәшесі лек-легімен келтіріліп, кейіпкердің сырты мен ішін бірдей жанды түрді көз алдымызға әкелсе,

Қысық көз, жылмаң қара кіріп келді,

Берген соң Құсан әмір бар ма халі деген жолдар арқылы пасық, жағымпаз адам портретін танытады. Сондай-ақ:

Қиянатпен семірген мес қарындар,

Жапсырды саналы елге бітпес шерді деген жолдардағы «**Қиянатпен семірген мес қарындардың**» деген тіркесім арқылы сол кездің әлеуметтік жағдайын, адамшылық дәрежесін көрсетеді. Және кейіпкердің сыртқы ажарының ұсқынсыздығын көрсетуге арналған бұл жолдар, яғни бұл портреттер – жалпы портретке жатады.

Жоғарыдағыдан көргеніміздей, кейіпкер бейнесін беруде жазушы кейіпкер тілінде қарапайым сөздерді де қолданады. Кейіпкер тіліндегі қарапайым сөздер туралы зерттеуші Х.Қожахметова: «Әдеби тіл нормасына сай келмейтін жай, дөрекі сөздерді қарапайым лексика дейміз. Ол әдеби тіл нормасына жатпағанмен көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкердің сөзінде кездесіп отырады.

Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісін, өскен ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді» [2] деген пікір білдірсе, академик Р. Сыздық: «Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Бұл стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы жазушының сөз құдіретін қолдану шеберлігіне алып барады» [3] деген тұжырым жасайды.

Қаламгерлер шығармаларында кейіпкер тілінде қолданылған қарапайым сөздер кейіпкердің бір сәттік бейнесін (жағдаяттық портрет) жасауға да, көркем бейнесін (жалпы портретті) беруге де қызмет етеді. Кейіпкер аузынан шыққан қарапайым сөздер оның

шыққан ортасын, алған тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін де көрсете алады. Мәселен,

Тым болмаса он бестен аспай жатып,
Қорлықпен өткенің бе, қайран күн-ау!
Шынымен сол Нұрымға кеткенім бе,
Бәлеге құтылмастай жеткенім бе?

Малы көп мал сияқты **пасық қақпас**

Жанымды соған құрбан еткенім бе? (С.Торайғыров).

Портрет арқылы жазушының сөз қолдану ерекшелігі, суреткерлік шеберлігі, даралығы (стилі) анықталады. Ендеше, көркем туындыны стилистикалық тұрғыдан талдауда кейіпкер бейнесінің берілу жолдарын, жазушының осы мақсатта қолданған тілдік-стильдік, көркемдік тәсілдерін қарастырудың да маңызы зор.

Сонымен, кейіпкердің портрет-мінездемесін жасауға, оның сезімін, күйіну не сүйіну халін түсінуге шығармадағы көркем сөзбен жасалған сыртқы пішіні, кескін-кейіпі (портрет), мінез-құлқы, наным-сенімі (мінездеу), ішкі ойы (монолог), басқа адамдармен қарым-қатынасын (диалог) сипаттау да көмектеседі. Және ондай сипаттауларда бізге қай сөз табы да жәрдем бола алады. Мейлі ол сын есім болсын, мейлі етістік болсын, ол тілдік бірліктерді орынды жұмсау шеберлік пен қиял жүйріктігіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Филол. ғыл. канд. ... дисс.: - Алматы, 1998. - 130 б.
2. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. - Алматы, 1972, - 112 б.
3. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы, 1995. - 207 б.
4. Кәрімов Х. Қанағты тіл. - Алматы, 1995. - 144б.
5. Сәрсекке Г.Р. Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерлерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Фил. ғыл. канд. ... дисс.: - Алматы, 1999. - 130 б.
6. Пірәлиева Г. Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі. - Алматы, 1994. - 138 б.

Резюме

В данной статье автор рассматривает типы психологического портрета и портрета-характеристики литературных персонажей. Приводя примеры посредством анализа литературных произведений автором подчеркиваются характерные особенности форм и методов, используемых для отражения образа и внутреннего мира героев произведений.

Resume

In the given article the author describes the types of psychological portrait and characteristics portrait of literature characters. Through the analysis of literature works the author shows the peculiarities of forms and methods used for reflection of images and inner world of characters.

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ КҮЛКІ ТАБИҒАТЫ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аннотация

Мақалада қазақтың көрнекті әдебиеттанушы ғалымы Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттегі күлкі табиғаты туралы ойлары зерделенеді. Ұлы ойшылдың күлкінің түрлері мен оның әдеби шығармаларда бейнеленуі мен күлкіге қатысты термин жасау тәжірибесіне де көңіл бөлінген.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, күлкі, мысқыл, әзіл, сықақ, сауықтама.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері, ғұлама ғалым А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» – ұлттық әдебиеттанудың бастауында тұрған құнды еңбек. Бұл еңбек туралы академик Р. Нұрғалиев: «Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылдық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек» [1], – деп жазады.

«Адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселерді «көрнек өнері», ал әдебиетті («асыл сөз») «нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері» деп бағалаған ұлы ғалым осы еңбегінде сөз өнерінің адам санасының ақыл, қиял, көңіл секілді үш негізіне тірелетінін айтып, тілдің маңызын «ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» [2], – деп жоғары қояды.

Еңбектегі әдеби даму заңдылықтары мен әдебиеттің көркем табиғаты, сөз өнерінің категориялары мен терминдері, поэтика мен стилистика секілді мәселелер туралы маңызды мәселелер қазақ әдебиетінің ішкі болмысын саралап, нақты мысалдарға жүгіну арқылы шешімін табады.

«Әдебиет танытқышта» әдебиеттегі күлкі поэтикасына қатысты бірқатар бағдарлаушы ойлар кездеседі. Оларды саралап, ғылыми тұрғыдан пайымдаудың, сөйтіп қазіргі зерттеулерге пайдаланудың елеулі маңызы болмақ. Өйткені кейінгі қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде күлкіге қатысты сатира мен юмор, иронияның эстетикалық категория, әдеби пафос, ділмарлық тәсіл ретіндегі кейбір реңктері қарастырылып келсе, А. Байтұрсынов еңбегінде күлкі түрлерінің әдебиеттің жанрлық сипатына қатысы, көркемдік болмысы, философиялық пайымдаушылық мәні мен эстетикалық, психологиялық табиғаты туралы ойлар мен оларды терминдік негіздеуге деген бағдарлаушылық тұжырымдар бар.

А. Байтұрсынов алдымен тіл көрнектілігінің (образдылық) әдістерін көріктеу, меңзеу, әсерлеу деп үш түрге бөліп, әсерлеудің (лептеу) өзін арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу деп жеті түрге саралайды. Кекесіндеуге: «Сөздің сыртқы лебіздеу мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе, кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кекесіндеу дейміз. Қорқақ кісіні «батырым» деу, кара кісіні «әппағым» деу, ақымақ кісіні «данышпаным» деу – осылардың бәрі кекесін сөздер», – деп анықтама береді. Бұл – иронияның қазақ әдебиеттануының кейінгі оқулықтарында орныққан анықтама.

Бұдан ары қарай ғалым: «Кекесіннің түрі толып жатыр. Бірақ толып жатқан түрін екі топқа бөлуге болады: 1) Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың әзіл); 2) Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа)», – деп оларға мысалдар келтіреді. Бұл жерде автордың ирониялық күлкінің өзін ішкі мағынасына, ирониялық пафосқа қарай жіктеуге бағдар жасағанын көреміз. Мұнда ғалымның қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба

мұраларындағы, ауызекі сөздеріндегі күлкі түрлерін мысалға алумен бірге, әлемдік әдебиеттегі, Сократтың адамгершілік қасиеттерді жетілдіруді мақсат тұтқан «тәрбиешілдік», эвристикалық, гносеологиялық ирониясы, 4-5 ғасырлардағы киниктердің нигилистикалық ирониясы, юмор, ирония, сарказм араласып отыратын ортағасырлық және Ренессанстық екіұдайылық карнавалдық күлкі, т.б. әдеби дәстүрлерді де ескергені байқалады.

Әдебиет тарихындағы иронияның жіктелуінің тағы бір нұсқасы – оның көріну амалына байланысты: антикалық ойшылдарға тән, толық айтылғанша терістеу мен мақұлдауы араласып келетін статикалық ирония; мысқылдық өріс ұдайы қозғалыста болатын, толық айтылмайтын сипаттағы, романтикалық арнадағы динамикалық ирония; дами келе терістеуші диалектикаға ауысатын тұрақсыз ирония, т.б.

Ирония көркем шығарманың барлық стильдік деңгейлерінен де көрінеді: тілдік сипаттарынан, заттық детальдарынан, сюжеттік-фабулалық деңгейден, кейіпкер бейнелерінің жасалымынан, т.б. Сол секілді, ирониялық қатынас гротеск, прадокс, пародия, тапқырлық, гипербола, контраст, түрлі тілдік стильдердің бірігуі секілді түрлі жолдармен де жүзеге асып отырады.

Автор иронияның амбиваленттік сипатына, екіұдайлық мағынасына да көңіл бөледі әрі оның айтылу орнына қарай беретін мағынасын атап өтеді: «Ой, бәрекемді! Ой, сабазым-ай!» – дегенде ырза болып айтса, қостау болады, ырза болмай айтса, кекесін болады» [2].

«Дарынды сөз» тарауында «Сындар дәуір» әдебиетін тектік жағынан әуезе, толғау және айтыс-тартыс деп үшке бөліп көрсеткен ғалым: «сындар дәуірдегі сөз түрлерін жүйелеп тәртіптегенде, Еуропа әдебиетінің бізге келіп жетпеген түрлерін де өзіне тиісті орындарында атап өтеміз», – деп ескерте кетеді. Сөйтіп, «толғау» табына қарайтын сөздерді сап толғауы, марқайыс, налыс (мұңайыс), намыстаныс, сұқтаныс, ойламалау деп саралайды. Одан әрі: «Ойламалаудың түрі көп. Ойламалаудан бөлініп: 1) Сөгіс толғауы яки даттау. 2) Күліс толауы яки күлкілеу. 3) Масқаралау шығады.

Күлкілеудің өзі үш түрге бөлінеді: а) Мазак. б) Мысқыл. в) Қулық.

Қулық та екі түрлі: бірі - сықақ, екіншісі - әзіл» деп нақтылап жіктей түседі. Осы айтылғандардың бәрінің күлкілі сөзге қатысы бар. Демек, мұның өзі ғалымның әдебиеттегі күлкі түрі мен реңктерінің сан алуандығы мен палитрасының молдығын көрсетуі болып табылады.

«Ойламалауды»: «...Өз үлгісіне тура келмейтін істерді де ақын теріс көреді. Жамандыққа, кемшілікке, мінге санайды. Өз үлгісі болсын, өзгенікі болсын, әйтеуір адамшылық үлгіге теріс келетін істі ақын айтпақшы. Сөгіс бір адамға бастап айтылғанда – масқаралау (әлемдеу) болады да, жұртқа қастап айтқанда – әшкерелеу (даттау) болады.

Әшкерелеу де, масқаралау да екі түрлі болады: жай сөгіс әшкерелеуі бар, күлкі қылып әшкерелеу бар. Масқаралау да сондай. Жай жамандап масқаралау бар да, күлкі қылып масқаралау бар. Жамандық адамды кейтеді, қайғыртады, мұңайтады, ренжітеді, кемшілік пен мін адамның күлкісін келтіреді. Осыған қарай толғаудың ойламалау түрі көбінесе не сөгіс толғауға, не күліс толғауға айналып кетеді» [2], – деп түсінік береді. Сөйтіп автор масқаралау (әлемдеу), әшкерелеу (даттау), сөгіс толғау, күліс толғау деген әдеби категорияларды негіздейді. Бұл түсініктер қазіргі әдеби терминдерден алшақ жатқанмен, әдебиеттегі күлкі табиғатын пайымдауда өзіндік мәні бар екені даусыз.

Әдебиеттануымыздың балаң кезеңінде, күлкі категорияларын осылай саралаудағы ғалымның толымды ұсыныстары қайран қалдырады.

А. Байтұрсынов әдеби категориялар мен терминдердің ешбірін халықаралық (немесе орыстың) сөздермен атамай, таза қазақы термин қалыптастыруды мақсат тұтқаны белгілі. Сондықтан оның аталған еңбегінде сатира, юмор, ирония, сарказм секілді күлкі типтеріне қатысты терминдер аталмайды. Жалпы алғанда, сөгіс толғау – сатираның, күліс толғау – юмордың баламасы секілді көрінгенмен, мүлде олай емес, олардан әлдеқалай терең, ауқымды. «Сөгіс толғау жамандықты жариялап, бетке басу ниетпен шығарылады. Үгіттеуден ұрысу күштірек. Жай айтудан ұялту күштірек. Сол мәніспен сөгіс түріндегі сөздер ел түзеу, құлық тазарту жағына көбірек әсер етеді деп саналады», – деп сөгіс толғаудың мақсатын түсіндіріп: «Жамандық екі түрлі: кешірімді жамандық бар, кешірімсіз жамандық бар. Кешірімді жамандық тек кемшілік болады да, кешірімсіз жамандық айып болады. Кешірімді жамандық – тек білмегендіктен болатын жамандық. Кешірімсіз жамандық – тек біле тұра істелетін жамандық. ...Айыбын бетіне басып көрсету – күйе жағып көрсетумен бірдей болғандықтан, даттау деп те айтылады. Кешірімді жамандықты толғағанда, жамандығын, кемшілігін айқын айтпай, күлкі түрінде көрсетіп ұялту, арланту ниетпен толғайды. Сондықтан күліс толғау күлкілеу, келемеждеу болып шығады» [2], – деп жазады.

Ғалым күлкінің сын түрімен қатар, риясыз көңілден шығатын, достық рәуішті күлкіні де айтып өтеді, оларды шын күлкі және сын күлкі деп ажыратады. «Шын күлкі шаттық үстінде, көңіл қоштағанда келетін күлкі. Сын күлкі нәрсе көңілге күдікті, ерсі көрінген уақытта келетін күлкі. Анау – көңілдің күйінен тура шығатын күлкі де, күлкілі – күйді көңілге сын тудырғаннан кейін шығатын күлкі. Күлкілеу – толғауға қару болатын, соңғы түрдегі күлкі» [2].

Ғалым күлкіні «адамның арына тию» жағынан: 1) мазақ, мысқыл, 2) сықақ, қулық, 3) ойын сөз, әзіл деп жіктейді. Күлкінің адам ауырлайтын және ауырламайтын түрлерін атағанда, автор қазақ тіліндегі күлкіге қатысты сөздерді пән сөздері ретінде тиімді қолданады. Ғалымның бұлайша жіктеуі қазіргі әдебиеттанудағы сатира, ирония, юмор түрлеріне сәйкес келеді: мазақ, мысқыл – сатира, сықақ-қулық – ирония, ойын сөз, әзіл – юмор. Оларға былайша анықтама-түсінік береді:

а) Мазақ қылу – біреудің кемшілігін, мінін айтып күлу болады. Әдебиет жүзінде мазақ қылу кемшілік пен мінді әшкерелеп жұртқа жаю болады. Бұл әлемдеп, жұрт алдында өткізумен бір есеп іс. Мазақ түрінде күлкінің ауыр болатын себебі осыдан.

б) Мысқылдау – сөздің өнін теріс айналдырып айту. Олай ету кекесін болады. Кекесін сөз зілді болады. Мысқыл сөздің ауыр тиетін себебі осы.

в) Сықақ пен қулық – күлкі сөздің асылында ауырламайтын түрлері. Бұлар ауырлайтын түрге айналса, онда олар сықақ та, қулық та болмай, мазақ пен мысқылдың бірінің түріне түсіп кетеді.

Әзіл де солай: зілсіз болса, әзіл болады да, зілді болса, әжуа, келемеж, мазақ, мысқыл сияқты күлкі түріне айналып кетеді» [2].

Бір назар аударатын жәйт – біздің қазір сатира, юмор, ирония, сарказм деп негізгі ортақ белгілеріне қарай жіктеп жүргенімізден гөрі, ұлы ғұламаның күлкінің «адамның арына тию» дәрежесіне, «адамның ауырлау немесе ауырламау» жағдайына, күлкі нысанасының тұлғалық бейнесіне, айтылу

мақсатына, масқаралаудың сипатына, жамандықтың түріне қарай жіктеулері көңілге қонымды көрінеді және тереңдей зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттегі күлкі түрлері өзінің сыншылдық қызметінде идеал туралы, әлеуметтік үйлесімділік туралы белгілі бір түсініктерге сүйеніп отырады. Демек, күлкінің алғышарты сынаушы субъектідегі жағымды идеал немесе құндылықты-бағдарлық іс-әрекетінде қалыптасқан негіз болып табылады. Бұл «идеал» туралы түсініктің жалпыға ортақ маңызы болатынына сенім болуы керек.

Ғалымның драма (айтыс-тартыс) жанры туралы айтқандарында әуреленіс (комедия) туралы да тұжырымды түсінік береді. Комедиялық кейіпкердің ерекшелігін әлектеніс пен әуреленіс кейіпкерлерін салыстыру арқылы жатық түсіндіреді: «...әлектеністің сүйініші сүйіндіріп, күйініші күйіндіріп, күштілігімен көңілді алып кетеді де, әуреленістің сүйініші адамның арын кетіріп, ыза қылып, күйдіреді, күйініші адамды мәз қылып күлкісін келтіреді. Сөйтіп, әуреленістің ұстаушылары ұсақтығымен, адамшылығы аздығымен адамның адам намысын келтіріп, арландырады да, әурешілігімен күлкіңді келтіріп, мәз қылып көңіліңді көтереді» [2].

А.Байтұрсынов еңбегінде күлкіге қатысты маңызды ойлар жеткілікті. Олардың көпшілігі әлемдік әдебиеттанушылардың арғы-бергі ой-тұжырымдарымен сабақтасып жатады. «Біз күлгенде әуелі тек күлкі келтіретін нәрсеге күлеміз. Неден күлкі болып тұрған мәнісін тексереміз. Себебін тексеріп күлгенде, көңілімізді келтірген нәрсе болып шығуы да ықтимал. Олай-бұлай қайта қайғыға қалдыратын, ойға батыратын нәрсе болып шығуы да ықтимал» [2] деген пікірі В.Г. Белинскийдің Н.В. Гогольдің юморы туралы: «Его повести смешны, когда вы их читаете, и печальны, когда вы их прочтете» [3] деген пікірімен үндесіп жатыр. Романтиктер де иронияның тек комикалық қана емес, сондай-ақ трагикалық та сипаты болатынына көңіл аударды. Романтикалық сананың басты құндылығы кемелденбеген шындық болмыстан еркін болу еді. Сөйтіп романтиктер «әмбебап иронияны» дүниеге әкелді [4].

Ғалымның: «Ақындардың адам мініне, кемшілігіне күліп шығарған сөздерін тек күлкі үшін шығарған сөз деп қарамасқа керек. Ондай сөздердің көбінің-ақ бергі жағы ғана күлкі болып, арғы жағы адамды мұңайтатын, қайғыртатын сөз болуы ықтимал» [2] деген пікірінен әдебиеттегі күлкінің ар жағынан көрінетін трагедиялық халді аңғартатынын танимыз. Бұл туралы кезінде В.Ф. Одаевскийдің: «Я считаю на Руси три трагедии: «Недоросль», «Горе от ума», «Ревизор» [5], – деп орыстың классикалық комедияларын ең үлгілі трагедиялар есебінде атағаны бар. В. Дувакинмен әңгімесінде М. Бахтин де қазіргі әдебиеттегі трагедия мен комедияның қабысуы туралы ой айтады [6].

«Әуреленістің кейіпкері (комедиялық кейіпкер – Ә.Д.) кемшілігі көп, адамгершілігі жоқ, қарапайым қалыпты адамдардың бірі болады. Оның талас-тартысында ұлы мақсат, үлкен іс болмайды, ұсақ тілеу, ептеуден әрі аспайды... Еп қылмайтын жерге еп жүргіземін деп, сеп керек емес жерге сеп іздеймін деп, сара істерге амал-айла, қулық-сұмдық қыламын деп, босқа арам тер, босқа әуре болады [2] деген сөзі Аристотельдің «Күлкілі жәйт - ешкімге қайғы әкелмейтін, жанды қинамайтын қайсыбір қателік, қисынсыздық» [7] деген пікірін еске түсіреді.

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсыновтың әдебиеттегі күлкі табиғаты туралы ойлары – терең талдауларымен құнды, жете зерттеп-зерделеуге лайық тұжырымдар деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Нұрғалиев Р. Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған // Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана. Күлтегін, 2002.-528 б.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлендер. Алматы. Атамұра, 2003.-208 б.
- 3 Белинский В.Г. Полн. собр. соч. Т. 2. Москва, 1954.-347 с.
- 4 Шлегель Ф. Речь о мифологии // Литературные манифесты западноевропейских романтиков. М., 1980. 406 с.
- 5 Эвентов И. Сила сарказма. Ленинград, 1973.-432 с.
- 6 Беседы В.Д. Дубакина с М.М.Бахтином. М., 1996.-400 с.
- 7 Аристотель. Об искусстве поэзии // Хрестоматия по теории литературы. Москва, 1982.-448 с.

Резюме

В статье рассматриваются литературоведческие взгляды о природе смеха видного казахского ученого А.Байтұрсынова. Раскрыты точки зрения мыслителя о разновидностях смеха и методы изображения в литературных произведениях.

Resume

In this article it is considered literary opinion of well-known Kazakh erudite Akhmet Baitursynov about nature of laughter.

СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА ЯЗЫКОВЫХ РЕАЛИЙ С АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ

А.У. ИЛЬЯСОВА

магистр педагогических наук,
доцент кафедры иностранных языков,
Евразийский гуманитарный институт

Аннотация

В данной статье даны определения реалий и рассмотрены основные приемы передачи реалий в художественном переводе.

Ключевые слова: перевод, реалия, языковые реалии, перевод реалий, способы перевода.

Переводоведение как наука по мере своего развития охватывает все большее количество проблем и спорных положений. Пытаясь ответить на вопрос «как переводить?», исследователи фокусируют внимание на различных объектах перевода, которые зачастую являются источниками противоречивых мнений.

В теории перевода детально разрабатывался вопрос о переводе класса безэквивалентной лексики и реалий – «единиц национального языка, обозначающих уникальные референты, свойственные данной лингвокультуре и отсутствующие в сопоставляемой лингвокультурной общности» [1].

В языкознании накоплен богатый материал, содержащий разноаспектные описания реалий ряда языков в сопоставлении с русским языком. Английским реалиям посвящены работы Л.С. Бархударова, Г.Д. Томахина, А.Д. Швейцера и других исследователей. К числу капитальных трудов, посвященных исследованию реалий, принадлежит и монография известных болгарских переводоведов С. Влахова и С. Флорина «Непереводимое в переводе» [2].

Реалии, относясь к несопадающим элементам языка, обозначая понятия, чуждые для других культур, всегда представляют в процессе перевода особую сложность. Эти сложности, с другой стороны обеспечивают интерес к данной проблеме.

«Словарь лингвистических терминов» О.С. Ахмановой определяет термин «реалия» (лат. *realia* – «вещественный», «действительный») как

1 «... разнообразные факторы, изучаемые внешней лингвистикой, такие как государственное устройство данной страны, история и культура данного народа, языковые контакты носителей данного языка и т.п. с точки зрения их отражения в данном языке;

2. предметы материальной культуры» [3].

В терминологическом плане следует различать «реалию-предмет» и «реалию-слово», его обозначающее. В лингвистической литературе термин «реалия» употребляется как в значении слова-реалии, так и в качестве предмета реалии, а также для обозначения элемента лексики того или иного языка.

В сопоставительном лингвострановедении реалиями считают слова, обозначающие предметы или явления, связанные с историей или культурой,

экономикой или бытом страны изучаемого языка, которые отличаются полностью или частично от лексических понятий и слов сопоставляемого языка.

К числу реалий в лингвострановедении относят, во-первых, ономастические реалии, включающие в себя:

- географические названия (топонимы), особенно имеющие культурно-исторические ассоциации;

- антропонимы - имена исторических личностей, общественных деятелей, писателей, учёных, деятелей искусства, популярных спортсменов, персонажей художественной литературы и фольклора;

- названия произведений литературы и искусства, исторические факты и события в жизни страны, названия государственных общественных учреждений и многие другие.

Во-вторых, реалии, обозначаемые апеллятивной лексикой:

- географические термины, обозначающие особенности природной географии-ческой среды, флоры и фауны;

- некоторые слова (в том числе общие термины), относящиеся к государственному устройству, общественно-политической жизни страны, юриспруденции, военному делу, искусству, системе образования, производству и производственным отношениям, быту, обычаям и традициям.

К реалиям в своих исследованиях обращались Е.М. Верещагин и В.Г. Костомаров, оперировавшие терминами «фоновые» и «коннотативные слова», «безэквивалентная лексика» или «слова с культурным компонентом», понимая под ними лексические единицы, своеобразная семантика которых отражает особенности культуры.

У исследователя страноведчески-ориентированной лексики Г.Д. Томашина, сопоставлявшего американский вариант английского языка и русского языка и стоящие за ними культуры, встречаются термины «денотативные реалии» и «коннотативные реалии».

Денотативные реалии, по определению Г.Д. Томашина, - это такие факты языка, которые обозначают предметы и явления, характерные для данной культуры, не имеющие соответствий в сопоставляемой культуре.

Коннотативные реалии, в противоположность денотативным, обозначают предметы, ничем не отличающиеся от аналогичных предметов, сопоставляемых культур, но получившие в данной культуре и обслуживающем её языке дополнительные значения, основанные на культурно-исторических ассоциациях, присущих только данной культуре.

Для обозначения слов-реалий в переводоведении исследователями были введены такие понятия, как:

- «безэквивалентная лексика» - слова, не имеющие эквивалентов за пределами языка, к которому они принадлежат [4];

- «экзотическая лексика» - лексические единицы, обозначающие географически-ческие и исторические реалии (А.Е. Супрун);

- «пробелы» (лакуны) - ситуации, обычные для культуры одного народа, но не наблюдаемые в другой культуре (И.И. Ревзин, В.Ю. Розенцвейг);

- «варваризмы» - слова, с помощью которых становится возможным описание чужеземных обычаев, особенностей жизни и быта, создание местного колорита [5];

- «этнокультурная лексика», «этнолексемы» - лексические единицы, характеризующие систему знаний о специфической культуре определенного

народа как историко-этнической общности людей (Л.А. Шейман);

- «алиенизмы» - слова из малоизвестных языков, подчеркивающие стилистическую функцию экзотизмов [6].

В.С. Виноградов называет реалиями все специфические факты истории и государственного устройства национальной общности, особенности ее географической среды, характерные предметы быта прошлого и настоящего, этнографические и фольклорные понятия, относя их к классу безэквивалентной лексики.

С. Влахов и С. Флорин определяют реалии как особую категорию средств выражения, включающую в себя слова и словосочетания, называющие объекты, характерные для жизни, быта, культуры и истории одного народа и чуждые другому. Исследователи отмечают, что при переводе реалии требуют особого подхода, поскольку не имеют точных соответствий в других языках, будучи носителями национального и/или исторического колорита.

В целом приведенные выше дефиниции характеризуют рассматриваемое нами понятие «слова-реалии» как языковые единицы, обозначающие элементы «чужой» культуры, имеющие национальную, историческую, местную или бытовую окраску, не имеющие эквивалентов в других языках и культурах.

Проблема перевода реалий как одна из наиболее трудных задач, стоящих перед переводчиком, привлекает внимание многих лингвистов и теоретиков перевода.

Среди трудностей, возникающих при переводе реалий, можно выделить следующие:

- отсутствие в ПЯ соответствия (эквивалента) из-за отсутствия у носителей этого языка обозначаемого реалией объекта (референта),

- необходимость, наряду с предметным значением (семантикой) реалии, передать и колорит (коннотацию) - ее национальную и историческую окраску.

При выборе наиболее подходящего приема перевода необходимо учитывать способ подачи реалии автором текста оригинала и средства, используемые им, чтобы довести до сознания читателя ее семантическое и коннотативное содержание.

В настоящее время в переводоведении о возможных приемах передачи реалий высказано несколько существенно различающихся между собой точек зрения. В данной статье рассматриваются приемы перевода реалий в художественном тексте, предложенные В.С. Виноградовым и С. Влаховым в соавторстве с С. Флориным.

В.С. Виноградов выделяет пять наиболее распространенных способов перевода слов - реалий:

- транскрипция (транслитерация);

- гипо-гиперонимический перевод;

- уподобление;

- перифрастический (описательный, дескриптивный, экспликативный) перевод;

- калькирование

Схема приемов передачи реалий в художественном переводе, предложенная С. Влаховым и С. Флориным, выглядит следующим образом:

1. Транскрипция (и транслитерация)

2. Перевод (замена):

1) Неологизм:

а) калька,

- б) полукалька,
- в) освоение,
- г) семантический неологизм.
- 2) Замена реалий.
- 3) Приблизительный перевод:
 - а) родовидовая замена,
 - б) функциональный аналог,
 - в) описание, объяснение, толкование.
- 4) Контекстуальный перевод.

Мы подробно рассматриваем данные приемы на примере перевода реалий в трилогии «Сага о Форсайтах» Д. Голсуорси. В Словаре лингвистических терминов транскрипция определяется как «передача звуков иноязычного слова (обычно собственного имени, географического названия, научного термина) при помощи букв русского алфавита», а транслитерация - как «передача букв иноязычного слова при помощи букв русского алфавита» (или любого другого ПЯ) [3]. Несмотря на то, что в переводческой практике эти понятия употребляются как синонимы, различие между ними очевидно.

Употребление транслитерации реалий весьма ограничено: обычно она употребляется лишь по традиции, при ошибочном прочтении соответствующего слова и в связи с традиционными правилами передачи некоторых букв.

*Mercifully not one of those new-fangled German pantomimes by that fellow Wagner**... - Благодарение богу, что не какая-нибудь новомодная немецкая пантомима этого Вагнера...

*It was 'Fidelio'** - Давали «Фиделио»

Транскрипция представляет собой передачу графическими средствами (буквами) ПЯ фонетического облика слова при максимальной звуковой близости к оригиналу. При отсутствии букв, точно передающих подлинные звуки слова, используются ближайшие по своей фонетической окраске. Из латиницы в латиницу слово обычно переносят без графических изменений. При переносе из кириллицы в кириллицу, из латиницы в кириллицу или наоборот, неизменно пользуются транскрипцией как наиболее распространенным и иной раз единственно возможным путем передачи национально окрашенных единиц речи. Желание, по мнению С. Влахова и С. Флорина, а часто и необходимость применения транскрипции при передаче реалий обусловлена тем, что при удачном транскрибировании переводчик может добиться передачи и смыслового содержания, и колорита.

*There's nothing like Yarmouth**... - Лучше всего Ярмут...

There was old Jolyon in Stanhope Place;* the Jameses in Park Lane*

Старый Джолион жил на Стэнхоп-Плейс; Джемс с семьей - на Парк-Лейн...
*he would hold steadily on up Cheapside**... - ...он твердыми шагами шел по Чипсайд...

Перевод реалии как прием передачи ее на ПЯ применяют обычно в тех случаях, когда транскрипция по тем или иным причинам невозможна или нежелательна.

Введение неологизма, как полагают авторы рассматриваемой нами схемы, является наиболее подходящим - после транскрипции - способом сохранения смыслового содержания и колорита переводимой реалии. Такими новыми словами могут быть, в первую очередь, кальки и полукальки.

Кальки - «заимствование путем буквального перевода (обычно по частям) слова или оборота» [3] - позволяют перенести в ПЯ реалию при максимально полном сохранении семантики. Как правило, кальки бывают словосочетаниями, редко словами:

on the terrace of the Crown and Sceptre* - на террасе «Короны и скипетра»
hat tremendous silence of Pippin, the superintendent of the New Colliery Company* - ...зловещее молчание Пиппина, управляющего «Новой угольной компании»...

Полукальки - новые слова или словосочетания, но состоящие частью из своего собственного материала, а частью из материала иноязычного слова.

a call of ceremony in the London season*... - ... в самый разгар лондонского сезона...

to dine at Jack Straw's Castle*... - ...обедать в Замок Джека Соломинки...

Освоением называется адаптация иноязычной реалии в системе грамматики ПЯ:
...those Dresden* china groups of young men... - ...эти дрезденские статуэтки...

Семантическим неологизмом называют условно новое слово или словосочетание, «сочиненное» переводчиком и позволяющее передать смысловое содержание реалии. От кальки его отличает отсутствие этимологической связи с оригинальным словом.

Замена реалии реалией языка перевода как способ перевода применяется относительно редко, поскольку приводит к подмене колорита первообраза колоритом языка перевода, что крайне нежелательно. Однако, встречаются положения, когда наиболее близкими аналогами чужой для языка перевода реалии оказывается реалия интернациональная, понятная читателю, а потому предпочитаемая.

Приблизительный перевод реалий применяется чаще, чем любой другой прием. Он позволяет достаточно точно передать предметное содержание реалии; однако, почти всегда имеет место стирание национального колорита, так как происходит замена коннотативного эквивалента нейтральным по стилю:

they're all doing capitally in the Indian Civil* - Они сейчас в Индии и прекрасно устроены...

Принцип родовидовой замены как частный случай приблизительного перевода позволяет передать содержание реалий единицей с более широким значением, подставляя родовое понятие вместо видового.

Функциональным аналогом А. Д. Швейцер называет «элемент конечного высказывания, вызывающего сходную реакцию у русского читателя» [6]:

and so run the risk of not re-letting before Christmas*... - ...и рискуя остаться до рождения...

Описание, объяснение, толкование как прием приблизительного перевода обычно используется в тех случаях, когда нет иного пути: понятие, не передаваемое транскрипцией, приходится передавать описательно, т.е. прибегать к лексикографическим толкованиям:

clean-shaven upper lip, were framed within Dundreary* whiskers...-... чисто выбритую длинную верхнюю губу обрамляли густые пушистые бакенбарды...

I call her a refined woman - a bit of a Mrs. Gummidge*... - ...она очень достойная женщина, немножко плаксивая...

Контекстуальный перевод от других способов передачи реалий отличает отсутствие в тексте перевода каких бы то ни было соответствий самого

переводимого слова (нулевой перевод), его содержание передается при помощи трансформированного соответствующим образом контекста. Как в случае приблизительного, так и в случае контекстуального перевода реалия как носитель определенной коннотации исчезает:

in the hurried Gilead* of a dissolving «Progress»...- ...бальзама в стремительном потоке всерастворяющего «прогресса»...

the Secretary 'Down-by-the-starn'* Hemmings...- ...секретарь Хэммингс Похоронное Бюро...

При выборе способа передачи реалии С. Влахов и С. Флорин предлагают учитывать:

- жанровые особенности текста;
- значимость (т.е. степень смысловой нагрузки) реалии в контексте;
- место реалии в лексических системах ИЯ и ПЯ;
- особенности языков оригинала и перевода их словообразовательные возможности, литературные и языковые традиции;
- «понятность» вводимой реалии читателю перевода.

Таким образом, при сопоставлении текста языка оригинала с его переводом на русский язык были выявлены реалии и их эквиваленты в тексте перевода. Данные лексические единицы были рассмотрены с позиций способа их перевода на русский язык. Анализ способов перевода английских реалий на основе схемы приемов передачи реалий, предложенной С. Влаховым и С. Флориным, показал, что наиболее часто переводчик прибегал к транскрибированию и транслитерации - в более 60% случаях, в остальных случаях был применен один из видов перевода: калька, полукалька, функциональный аналог, описательный перевод, контекстуальный перевод и др. Такие отклонения от литературной нормы, как диалектизмы и сленг, в основном, переданы собственно переводом. При переводе иноязычных вкраплений в большинстве случаев применялся перенос иноязычного вкрапления в ПЯ с подстрочным переводом.

Список литературы

- 1 Федоров А. В. Введение в теорию перевода. - М., 1953. – 284с.
- 2 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. - М.: Высшая школа, 1986. – 505с.
- 3 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - М., 1986. – 623с.
- 4 Транкаева Г.М. О национально – культурной специфике художественного произведения и ее сохранении в переводе//Вестник ПГУ. Серия филологическая. – 2005, № 3.-С.118
- 5 Реформатский А. А. Введение в языкознание, - М., 2007. – 336с.
- 6 Швейцер А. Д. Перевод и лингвистика. - М., 1973. – 287с.

Түйін

Мақалада тілдік реалийдің ағылшын тілінен орыс тіліне аударылу тәсілдері қарастырылады.

Resume

In the article the author considers the ways of translating the lingual realia from the English language into Russian.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДРАМАТУРГИЯ

Е. ЖҰПАРХАН

педагогикалық ғылымдар магистрі,
Еуразия гуманитарлық институты

Аннотация

Мақалада тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жазылған тарихи драмалық шығармалар, қазақтың хан-батырлары жөніндегі ғылыми зерттеулер мен ой-толғамдар, драма жөніндегі танымдық ғылыми еңбектер, ұлттық драматургиялық шығармалардағы тарихи шындық пен көркемдік шындық жан-жақты талқыланады.

Түйін сөздер: драматургия, трагедиялық тартыстар, философиялық астарлар, өмір шындығы, тәуелсіздік жылдары, тарихи драма, көркем әдебиет, тарихи шындық.

Біздің заманымызға дейінгі дәуірлерден басталатын қазақ тарихы тәуелсіздік үшін жанын аямаған, бар жан-тәнімен жерін, елін, егемендігін сақтап қалуға ұмтылған жылдарға, ғасырларға толы. Кең дала төсінде көшпелілер өркениетінің дамып, дәуірлеп, толастап, қайта өркендеген, қазақ хандығының қалыптасып, тарих сахнасынан өз орнын алған оның шежіре тарихында азаттық үшін, тәуелсіздік үшін күрескен бітіспес майдан, кескілескен күрес жолы тізбек-тізбек.

Отаршылдық езгідегі халқының басынан кешірген азабына жаны күйзелген Ш. Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» [1], – деп, толғана айтқан сөзінде ғасырлар бойы азаттықты аңсаған елінің өсіп-өркендеуін тілеген арман сазы сезіледі. Себебі, өз елінің отаршылдықта болуын ешқашан құп көрмеген Ш. Уәлиханов азаттық деген ғаламат рухани күштің адам өмірінен алатын орнын, адам өмірі мен қоғам өмірінің тыныс-тіршілігінің ұлттың тағдырымен сабақтасып жатқандығын терең түсінеді.

Еркіндікті ежелден бірінші орынға қойған еліміздің, бостандық пен арнамыс жолында ешнәрседен қайтпайтын қайсар халқымыздың тарихи өмір жолы қаншама қиын-қыстау сәттерді басынан өткерді. Алайда, ешқашан мойымай, бар күш-жігерін салып, ел азаттығы үшін күресе білді. Ерте дәуірлердегі, атап айтқанда біздің жыл санауымыздан бірнеше ғасырлар бұрынғы тарихтан бастап елді қорғау, жерді сақтау, осы мақсаттағы ел басшыларының, батырлардың ерлік істері кейіннен тәуелсіздік жолындағы күрестің ұранына айналды. Алаштың ұлы М. Шоқайдың «Ұлттық тәуелсіздік бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да. Ұлттық тәуелсіздік отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таржысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады» [2] деген жанайқайы жиырмасыншы ғасырдың басында жаңғырып, бүгінгі күні сол арманның жемісін көрудеміз.

Қазақ әдебиеті мен өнері туралы тұтас жүйелі ғылым салаларының туып, қалыптасып, шарықтап дамуында А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов,

С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев ерекше еңбек сіңіріп, жаңа арналардың негізін салды.

Ал М. Әуезов «рас, ол кездегі өнер бүгінгіше театр деп аталған жоқ. Бүгінгідей мәдениет шеңберіне кірген жоқ. Бірақ бақытты ел театр деген шеңберді керек қылмайды. Оның барлық ойын-сауығының өзі театр» [3] деп өзіндік сипаттамасын берген. М. Әуезов – қазақ драматургиясының өз топырағында қалай туатынын, халық әдебиетінен қалай нәр алатынын жетік білген, сонымен бірге өзге жұрттардың драмалық үлгілерінен үйренуге ғылыми нұсқау көрсеткен ғалым-жазушы. Ол драма туралы теориялық ойлар айтумен қатар, өзі жазған пьесалары арқылы қалай оқып, қалай жазудың тәжірибесін де көрсетті.

Қазақ драматургиясын шын мәнінде ғылыми нысанға алып зерттеу ісі 1950 жылдардан басталды. Осы жылдардан бастап диссертациялар қорғалып, монографиялық еңбектер жарыққа шыға бастады. Атап айтқанда, 1951 жылы А. Маловичко «Қазақ совет драматургиясындағы тарихи өмірбаяндық пьеса», 1956 жылы С. Ордалиев «Соғыстан кейінгі қазақ совет драматургиясы», 1964 жылы С. Ордалиев «Қазақ драматургиясының очеркі», 1963 жылы Н. Ғабдуллин «Ғ. Мүсіреповтің драматургиясы», 1965 жылы Р. Рүстембекова «Б. Майлиннің драматургиясы», 1967 жылы Р. Нұрғали «М. Әуезовтің трагедиялары», 1970 жылы Ә. Тәжібаев «Қазақ драматургиясының тууы мен қалыптасуы» және т.б. жан-жақты, толымды зерттеулер жүргізіліп, қазақ әдебиетін байыта түсті.

Ал драматургия жанры, драматург, жекелеген пьесалар, олардың қойылуы, театр тарихы, режиссерлер, актерлер туралы түбегейлі мәселелер көтеріліп, нақтылы ойлар қозғаған мақалалар мен монографиялық зерттеулер одан кейінгі жылдары жарық көре бастады.

1983 жылы Р. Нұрғалидың «Қазақ совет драматургиясының жанр жүйесі», 1986 жылы Т. Есембековтің «Ә. Әбішевтің драматургиясы», 1992 жылы М. Ысқақовтың «Казахская драматургия в литературной критике» атты зерттеулері қазақ драматургия ғылымындағы құнды еңбектердің қатарынан саналса, тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы С. Құлбарақов «Т. Ахтанов драматургиясы», 1994 жылы Ж. Таубайұлы «Қазіргі қарақалпақ-қазақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер», 1995 жылы Ж. Әбілов «Қ. Мұқаметжанов драматургиясы», 1998 жылы Ә. Тарақов «Өлең-толғаулар және тарихи қыр-дастандардағы Абылай хан тұлғасы», 2001 жылы Ә. Шапауов «С. Жүнісов драматургиясы», 2002 жылы Н. Нәсиева «С. Мұқановтың драмалық шығармаларындағы мінез бен тартыс», 2004 жылы Л. Серғазы «М. Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясының тарихилығы» атты кандидаттық диссертациялар қорғап, ғылымға үлкен серпіліс әкелді.

Драматургия саласының ғылыми тұрғыда қалыптасуында көп еңбек сіңірген Р.Н. Нұрғали «Драматургия жанрларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі – трагедия, өйткені бұл формада тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, күштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен, әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді» дей келе, «Трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсер ерекшелігін, сюжеттік материал мен көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, тақырыптық идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедиясын мынадай салаларға бөлуге болады: а) эпикалық трагедия; ә) тарихи трагедия; б) адамгершілік-тұрмыстық трагедия» [4], – деп тармақтарға бөледі.

Осы жіктеме тұрғысынан алғанда, тарихи трагедия бағыты бойынша тәуелсіздік жылдары тарихты тану мен тарихи тұлғаларды қайыра сараптау бағытында біраз сәтті туындылар дүниеге келді. Мәселен, Ә. Кекілбайұлының «Абылай хан», С. Жүнісовтің «Абылай хан», «Махамбеттің өмірі-ай», М. Байсеркеновтің «Абылайдың соңғы күндері», «Кенесары», И. Оразбаевтың «Хайуандық комедия», «Күшігінен таланған», «Махамбет», Ш. Құсайыновтың «Томирис», Ш. Құсайынов пен Қ. Ысқақтың «Қазақтар», Р. Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Жәңгір хан», «Сырым батыр», «Бас» пьесалары бірнеше ғасырларды қамтитын тарихи тақырыптарды өзек еткен.

«Тәуелсіздік» деген қасиетті ұғымды санасына сіңіріп сонау көне дәуірден күні бүгінге дейін атамекенінен тапжылмай отырған бір халық болса, ол – қазақ. Жат жұрттың көзі түскен сары дала әрқашан сақ ұрпақтарының жанкешті жанымен түлеп келді. Тәуелсіздіктің тәттілігін қазақ бабалары сонау заманнан бері қанымен, тәнімен, жанымен сезініп, сары даланың кіндігіне ту етіп қадап келеді.

Драматургияда тарих толғатып, тарих тудырған ірі тұлға, эпикалық тақырыпқа жүгіну тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қарқын ала түсті. Қазақтың өзі эпикалық халық екенін ескерсек, өнері де соның табиғатынан туғандығы көрінеді. Халқының тарихы мен халық жасаған ауыз әдебиетін қастерлеп, көркемдік жаңа биікке көтеріп, сол дәстүрді үдере жалғастыру бүгінгі күні драматургтердің ынтасымен жалғасын тауып келеді. «Кене хан», «Абай» кезінде сахналық қойылымдардың беташары да, бетке ұстары да болса, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері «Еділ патша», «Шыңғыс хан», «Абылай хан» өз жұртымен қайта жүздесті. Бұдан басқа драматургия саласында дүниеге келген дәуірлік тарихи шығармалар жыл санап толығып келеді. Солардың ізімен түркілердің көне тайпаларының елдігін сақтап, әлемге Томирис атанып кеткен сақтың ұлы падишасы Шұғыланың тұлғасы сахналық қойылым ретінде дүниеге келді.

Егеменді еліміздің тарихында Абылай хан ұлттың ұлы қайраткері санатында тарих тұғырына берік орнықты. Ел тәуелсіздік алар тұста Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың: «Ел басына ауыр күн туған он сегізінші ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз керемет қолбасшы ретінде де, ақылы терең дипломант ретінде де таныла білді. Сондықтан Абылай секілді хандарымызды тек өзіміз ғана біліп қоймай, Қазақстанның барлық халқына танытайық» [5], – деген сөзі де қаламгерлерімізге, зерттеушілерімізге жаңа тарихи туындылар мен зерттеулер жасауға ой салғаны анық. Тәуелсіз мемлекет атанғаннан кейін оның қолбасшылық, қайраткерлік рөліне, саяси қызметіне тұжырымды бағалар беріле бастады. Абылай ханға арналған туындылар шоғыры баспасөзде жарияланып, кітаптар жарық көріп жатты.

Елбасының «Мен үшін Абылай заманы ғана емес, бүкіл қазақ ұлт-азаттығы, мемлекет тәуелсіздігі үшін күрес сияқты көрінеді. Ел бостандығы, ұлт тәуелсіздігі біздің халық үшін еш уақытта да төбеден сый түскендей болмаған. Ол әрдайым ел қамын жеген ерлердің жанқиярлық, жанпидалық еңбегінің, күресінің нәтижесінде ғана келгенін ешқашан ұмытпауымыз керек» [6] деген сөзін қаламгерлеріміз жерге тастамай, бұрын ерік берілмеген тарихи тақырыптарды жаңаша тануға қалам сілтеді.

Шындығында да бұл тарихи кезең қазақ тарихының алтын беттері болған. Абылай заманы оның саяси, қайраткерлік қызметі көп уақыт бойына тарихи сахнаға шықпай жатса, қазақ әдебиеті тарихында Абылай хан туралы біржақты,

қаралайтын дүниелер берілді. Алайда соңғы жылдары Абылай хан әдеби зерттеулердің нысанасына айналды. Осы ретте Р. Бердібай өлең-толғаулар мен тарихи жыр-дастандардағы Абылай тұлғасына өзінің ой-тұжырымын білдірсе, ал Ә. Тарақов хан тұлғасына арнаған өзінің монографиялық еңбегін жарыққа шығарды. Ш.А. Уәлихан халық ауыз әдебиетіндегі Абылай бейнесінің сомдалуына сипаттама беріп, жаңа тарихи дерек көздерімен Абылай өмірінің шындығын ашты.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған, армандаған тәуелсіздік мәселесі бүгінгі күні еліміздің көк байрағының астында өзінің мән-мағынасын кеңінен аша түсуде. Қазақ халқының тамырын тереңге тартқан тарихында ақыл-парасатымен, саяси қызметімен айрықша дараланып көрінетін тұлғалар, атап айтқанда Сақ патшайымы Томирис, сырт елді билеген Бейбарыс сұлтан, әлемді билеуге ұмтылған Шыңғыс хан, әруақты хан Абылай, Сырым, Исатай, Махамбет батырлар, Абылай ұрпағы Кеңесары тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары драматургия саласында өз биігінен, жаңаша көзқараспен танылып, суреттеліп келеді. Тәуелсіздік туын одан әрі жалғастыру мақсатында кейінгі ұрпақты ұлттық тарихпен тәрбиелеу бағытында көптеген тарихи драмалар да дүниеге келуде.

Тәуелсіз Қазақстанның әдебиетінде хан, би, батырлар бейнесі қайтадан жаңғырып, көрермен назарын, құрметін оятып жатса, бұл – хандық дәуірді аңсау емес, ұлы бейнелерден ұлттық қадір-қасиетімізді тауып, танып, тарихи тұлғаларымызға тағзым жасап, тәуелсіздікке жету жолындағы күрестегі олардың рухын асқақтатудың айғағы.

Қазақ халқының еркіндікті, бостандықты, тәуелсіздікті, әділеттілікті аңсауы, оған деген табиғи ұмтылыс қарқыны қай кезде болмасын басылмаған және кейінгі ұрпақ та содан бағыт-бағдар алып отырған. Ата-бабамыз ел шетіне жау келгенде тайсалмай қарсы тұрып, ерлер де, әйелдер де, жастар да, қарттар да қатар түзеп, оққа төсін төсеп, елін, жерін қорғады. Соның нәтижесінде бабаларымыз бізге ұлан-ғайыр байтақ өлкені мирас етіп қалдырып, өзінің ерлік тарихын жасады. Олар ар-намыс, елдің бірлігі, тұтастығы, еркіндігі мен тәуелсіздігі, әділеттік деген ұғымдарды қанымызға, ұлттық санамызға құя білді.

Елбасы: «Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының басты мазмұны – азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар» [6], – деген еді.

Сол сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешірді. Қаншама тар жол, тайғақ кешулерден арып-ашыса да, қажып-қансыраса да әрқашан қадір-қасиетін жоғалтпай, ар-намыс, абыройын төкпей шығып отырды. Соның бәрінде оғар жігер қосқан, рухын көтеріп, арманын асқақтатқан халықтың еркіндікті, тәуелсіздікті аңсауы, соған деген ұмтылысы, күштарлығы еді. Осы өшпес рухани қасиет екеден балаға мирас болып әрдайым алға жетеледі. Тарихи тақырыптың көкейтесті заманауилығының күші – қатты қақтығыстар арқылы адам мен ұлттың санасын оятуында. Ел өміріндегі өксікті оқиғаларды алға тарта отырып, шығармашылық иесі өзінің көкірегіне толған ащы запыранды сыртқа шығарады. Трагедия арқылы жан ашуын жеткізеді.

Бір сөзбен айтқанда, мыңдаған жылдар бойғы қазақ даласының қасірет пен қайғыға, азаттық пен тәуелсіздік мұраты жолындағы ерен ерліктерге толы тарихын арқау еткен туындыларда, ең бастысы, өмір шындығы, қазақ деген ұлт образы айқын көрсетілген. Авторлар тарихи оқиғаларға өзіндік көзқарас

тұрғысынан келіп, әрқайсысы өзінше көркемдік шешім таба білген. Арада қаншама жылдар, ғасырлар жылжып өтсе де жазушылық қиял өмір көріністерін өз дәрежесінде тірілте алған.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: ҚСЭ, 1-т. – 1984. – 432 б.
- 2 Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!.. Ол кім? // Қазақ әдебиеті, 1991. – 31 мамыр
- 3 Әуезов М. Шығармалар. – Алматы, 1969. – II том. -326 б.
- 4 Нұрғали Р. Драма өнері. – Алматы: Санат, 2001. -211 б.
- 5 Назарбаев Н. Ә. Еркін елдің ертеңі-кемел болашағында // Егемен Қазақстан, 2004 жыл, 9 шілде
- 6 Назарбаев Н. Ә. Бәрін де ақылмен істеу керек // Социалистік Қазақстан, 1991, 9 сәуір.

Резюме

В статье рассмотрены историко-драматические произведения драматургов, которые они написали в годы независимости, мнения ученых, исследующих казахскую народную устную литературу, исследования, связанные с историей и теорией театра, подробно проанализирована преемственность обычаев народа, историческая и художественная правда в исторических драмах.

Resume

The author considers the following problems: the playwrights' historic dramas in the post independent period of Kazakhstan, ideas and concepts of scientific researches, opinions and suppositions of the researchers concerning the Kazakh folk literature, theatre history and theory researches' theatre actors and art researchers' historical dramas, scientific-cognitive horks.

УДК 81'374.822

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ КАЗАХСТАНСКОЙ ЛЕКСИКОГРАФИИ

М.А. КЫЗЫРОВА

магистр гуманитарных наук,
старший преподаватель кафедры иностранных языков,
Евразийский гуманитарный институт

Аннотация

Статья посвящена современному состоянию лексикографии в Казахстане, историю ее становления и развития. Автор раскрывает современные проблемы теоретической и практической лексикографии. Особое внимание обращается на описание различных типов отечественных словарных продукций.

Ключевые слова: лексикография, двуязычная лексикография.

В современном значении лексикография — это теория и практика составления словарей. Лексикография как научный термин появилась в широком обиходе сравнительно недавно. Поэтому развитие лексикографии и изучение исторического развития лексикографии является актуальным вопросом для исследования. Первые словари, а именно двуязычные словари, на территории Казахстана появились в середине XVIII века, это обусловлено геополитической связью России и Казахстана. В XIX веке продолжается систематическое составление двуязычных словарей, в частности русскими лингвистами, такие как В.В. Катаринский, И. Букин, М. Бекчурин, Т. Бокин, В.В. Радлов и др. Послереволуционные изменения социально-политической жизни общества в Казахстане привело к необходимости переработки и переиздании русско-казахских и казахско-русских

словарей для широкой аудитории пользователей, также появились учебные двуязычные словари. Развитие толковых казахских словарей тесно связано с развитием казахского языкознания. В настоящее время существуют следующие научные центры: 1) институт языкознания им. А. Байтурсынова (Алматы), который занимается вопросами [фонетики](#), [лексикологии](#), [лексикографии](#), [грамматики](#), [культуры речи](#), [этнолингвистики](#), [ономастики казахского языка](#); 2) Институт литературы и искусства им. М. Ауэзова (Алматы) изучает область [литературоведения](#), [фольклористики](#), [искусствоведения](#), истории казахского фольклора; 3) Институт востоковедения им. Р. Сулейменова (Алматы), область исследования которого - [востоковедение](#) и [страноведение](#). На сегодняшний день в казахстанской лексикографии проделано немало работ в составлении толковых словарей казахского языка, терминологических словарей, а также переводных словарей. У истоков казахстанской лексикографии стоят А. Искаков, Б. Калиев, Т. Жанузаков, А. Болганбаев, А. Иманбаев, З. Машабаева и др. Выпущены в свет следующие лексикографические издания: двухтомный «Толковый словарь казахского языка» (1959, 1961) – «Словарь языка Абая» (1968);- десяти томный «Толковый словарь казахского языка» (1974–1986). - одното мный «Толковый словарь казахского языка» (1999), «Словарь синонимов казахского языка» в 1962 году, который переиздавался в 1975, 1998 годах, а также издание, дополненное и переработанное, вышло в 2005 году пятнадцатитомный «Словарь литературного казахского языка» (2006-2011). Следует отдельно рассмотреть последнее издание Казахстанского толкового словаря Института языкознания имени А. Байтурсынулы, издательство «Дәуір», пятнадцатитомный «Словарь литературного казахского языка», объем каждого из томов которого по 700-800 страниц. Данный словарь составлялся коллективным Институтом языкознания имени Ахмета Байтурсынулы. Научный руководитель проекта – профессор Нургельды Уали. В составлении словаря были задействованы более 30 авторов: известные лингвисты и ведущие специалисты Института. Творческий коллектив из специальных редакторов, состоящий из ведущих сотрудников Института, таких как доктор наук профессор Р. Шойбеков, К. Кудеринов, О. Жубаева, А. Жанабекова, кандидаты наук А. Фазылжанова, А. Удербаяев, проделали огромный труд от сбора материала до полного его редактирования. В словаре охвачено более 91 500 слов и около 58 000 словосочетаний, также раскрыты смыслы более 150 000 лексических единиц. Составители попытались дать как можно больше информации о каждом отдельном слове и значений в контекстах его пояснения и окружения, так их можно группировать на такие виды: нормативная информация (литературная норма), интеллектуальная (термины, доннаучные системы знаний), психо-физиологическая (экспрессивно-эмоциональная лексика), функционально-коммуникативная (книжная разговорная, нейтральная стилистически маркированная лексика), лексико-грамматическая (гипероним, гипонимы, части речи и др.) информации. Словарь рассчитан на широкую аудиторию, иллюстративный материал содержит тексты из трудов, как классиков, так и современных авторов, также тексты из газет и СМИ. В свою очередь развивающий характер имеет двуязычная лексикография. Как отмечает М.Ш.Мусатаева, одной из причин отставания двуязычной лексикографии от одноязычной является отрыв практики от теории составления словарей [1]. На основе теоретического осмысления достижений современной науки М.Ш. Мусатаевой сформирована концепция двуязычного русско-казахского словаря универсального типа, разработана макро- и микроструктура двуязычного (русско-казахского) словаря с учетом его коммуникативной направленности. Над составлением казахско-русских и русско-казахских словарей неотъемлемый труд внесли Х.Х. Махмудов, Г. Мусабаяев, А. Искаков, Н.Т. Сауранбаев, Ш.Ш. Сарыбаев и др. Например, изданы:

- русско-казахские словари 1954, 1948, 1981 гг.;
- русско-казахский словарь-разговорник У.А. Асыллова, Л.И.Тулешевой (1986);
- краткий русско-казахский словарь 6600 слов Г.Бегалиева, Х.Х.Махмудова (1959);
- краткий русско-казахский словарь С.Ш.Сарыбаева (1993);
- русско-казахский словарь М.Сергалиева (2004);

Под руководством Э.Д.Сулейменовой созданы следующие двуязычные словари, например, «Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі» (1998), Словарь

социолингвистический термин, Социолингвистический справочник «Языки народов Казахстана», в котором представлены статьи по русскому языку.

Наряду с вопросами лексики исследуются проблемы лексикографического описания тех или иных лексико-семантических и тематических групп слов в русско-казахских словарях. В этом плане можно выделить исследования З.К. Ахметжановой, Э.Д. Сулейменовой, Л.К. Жаналиной, Г.Г. Гиздатов, В.А. Исенгалиевой и др.

В середине 20 века понимается важность составления и издания терминологических словарей, с 1959-1962 эту работу возглавляет Академия Наук под редакцией А. Аманжолова и А. Абдрахманова. в настоящее время казахская терминология нуждается в унификации и стандартизации. С этой целью Государственной терминологической комиссией принято решение о подготовке Большого терминологического словаря в тридцати томах.

На современном этапе продолжается работа над составлением терминологических словарей, так, например, появление «Русско-казахского словаря-справочника терминов и понятий по физической географии» К.Курманова. Словарь-справочник К. Курманова, созданный на базе «Русско-казахского словаря терминов по физической географии» Ж. Аубакирова, Г. Конкашбаева (1959), «Русско-казахского географического толкового словаря» С. Абдрахманова, Ж. Аубакирова, К. Базарбаева (1966) и других изданий, открывает новые научные связи: лингвогеография, геология, минералогия, почвоведение, океанология, геофизика, гидробиология, гидрология, сейсмология и т.п.

Новое веяние в развитии лексикографии в Казахстане – проект русско-казахский и казахско-русский онлайн словарь, существующий в Интернете с 2000 года. С 2002 года он расположен по адресу sozdik.kz. Актуальность онлайн - словаря особенно возросла в последнее время, когда качественно иное значение приобрел казахский язык, как в повседневный.

В словаре реализован двухсторонний перевод. В настоящее время словарь содержит более 60000 словарных статей по каждому направлению перевода. Озвучены около 3000 словарных статей на казахском языке.

Внедрение специальных технологий помогает быстро получить перевод введенного слова, использование виртуальной клавиатуры позволяет вводить специфические буквы казахского языка. Продолжается совершенствование и пополнение словарной базы проекта sozdik.kz [2].

В 2009 г. компания ABBY Lingvo выпускает трехязычный словарь ABBY Lingvox3, который включает переводные и толковые словари русского, английского и казахского языков.

Таким образом, мы наблюдаем динамику роста лексикографии как практическую, так и теоретическую в Казахстане, что является свидетельством развития казахского языка и его актуальную роль в обществе. Рост потребности общества в лексикографической продукции обращает составителей словарей к некоторым аспектам этнографии, лингвокультурологии, прагматики, когнитивистики, однако следует отметить, что не во всех словарях отражаются теоретические выводы исследования в области лексикографии. Тем не менее, сравнительно-сопоставительные исследования языков, проводимые в отечественной науке, усиливают внимания к коммуникативно-ориентированному подходу в составлении казахстанской лексикографической продукции, что позволяет прогнозировать дальнейшее развитие различных типов словарей, их стандарты и структуры составления.

Список литературы

- 1 Мусатаева М.Ш. Принципы составления двуязычного (русско-казахского) словаря, Алматы, 2001,-81 с.
- 2 www.sozdik.kz

Резюме

Бұл мақалада Қазақстандық лексикографияның қазіргі жағдайы және сөзіктерді құрастырудағы үлкен үлес қосқан қазіргі лексикографтардың және негізін салушылардың еңбектері қарастырылады.

Resume

In this article the author describes the current state of the Kazakhstan lexicography and the works of Kazakhstan modern lexicographers and lexicographers-founders.

ӘОЖ 811.512.122

М.К. ЕСКЕЕВА

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
түркітану кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ QAZGAQ ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМИНЕ ҚАТЫСЫ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАР

Аннотация

Мақалада qazaq этнонимінің шығу тегі, мән-мағынасы, семантикалық уәжі жайлы көзқарастар жүйеленеді. Енисей ескерткіштері тіліндегі qazgaq лексемасы мен qazaq этнонимінің сабақтастығы *qaš//*qač//*qad//*qaz моносиллабтарының мазмұндық, тұлғалық ерекшеліктері негізінде талданады.

Түйін сөздер: түркі тілдері, көне түркі жазба ескерткіштері, Енисей ескерткіштері, этноним, этимология, семантика, морфема, моносиллаб, түбір.

Түркілер тарихындағы *үйсін, қаңлы, қытшақ* т.б. мемлекеттік деңгейдегі ұлы тайпалық одақтардың, *дулат, арғын, керей, найман, қоңырат, адай* т.б. тәрізді ірі тарихи тайпалардың атауын өзінің этникалық құрамын сипаттайтын этнонимдер жүйесінде сақтап қалған; мемлекеттік территориясы ежелгі сақтар мен ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері территорияларының негізгі аумағын, көне дәуірдегі батыс түрік қағанаты мен орта ғасырдағы Дешті қыпшақ мемлекеті аумағының басым бөлігін, бірнеше этникалық топтар мекендеген Ұлы Тұран даласының негізгі бөлігін, кейінгі түркілердің төл бесігі саналатын Түркістан аймағын қамтитын қазақ халқының тарихи-лингвистикалық негізі оның тарихи-этникалық негізімен тығыз байланысты. Белгілі бір халықтың атауына айналған этнонимнің этимологиялық негізі мен семантикалық уәжі, қалыптасу тарихы сол халықтың тарихымен, этногенездік даму үдерістерімен, дүниетанымдық ерекшеліктерімен сабақтасып жатуына орай «этнонимдерді зерттеу күрделі де көп қабатты этникалық үдерістердің тереңіне бойлаудың маңызды құралы» болып табылады [1]. Тарихи этнонимдердің ғылыми-теориялық ұстанымдар негізінде лингвистикалық тұрғыдан талдануы этногенетикалық, этнотарихи зерттеулердің нәтижелі болуына ықпал етеді.

Қазақ сөзінің шығу тегі, мән-мағынасы жайлы түрлі пікірлер айтылып, аңыз әфсаналарға негізделген халықтық этимологиялар да, тарихи-лингвистикалық ұстанымдарға негізделген ғылыми этимологиялар да ұсынылғанымен бірізді тұжырым әлі толық қалыптаспай келеді. Қазақ халқы жайлы бес жүздей пікір жүйеленіп, қазақ этнонимі туралы жүз елуге жуық этимологиялық және этнолингвистикалық пайымдаулар жинақталып берілген академик А.Т. Қайдардың «Қазақ қандай халық?» атты еңбегінің әлқиссасында айтылған «Шынында да, біз кіміз, қазақ қандай халық? Бұл сауал бүгінде өзгеден гөрі өзімізді, қазақ азаматтарын көбірек ойландыратын, толғандыратын мәселеге айналып отыр. Өйткені өз тарихында алғаш бүгінгідей егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқы үшін, әсіресе оның өзін-өзі құрметтей білетін әрбір азаматы үшін «Қазақ қандай халық?» деген сауалға дұрыс жауап бере білудің тарихи-әлеуметтік мәні зор, рухани, моральдық жауапкершілігі мол мәселе екені сөзсіз» [2] деген ойлары қазақ қауымына, әрбір қазақ азаматына үлкен жауапкершілік жүктейді. Ғалым жинақтап, жүйелеген деректер қазақ халқының терең тамырлы бай тарихын ұрпақ санасына сіңіріп, жаһандану жағдайындағы халық болашағының тұғырын нығайтуға қызмет ететін қазақтану ғылымының іргетасын бекітер өзегіне айналды анық.

Жазба деректерде сақталған *qazaq* сөзіне тұлғасы жақын, фонетикалық варианттар ретінде қарастыруға фонетика-фонологиялық, морфологиялық, лексика-семантикалық заңдылықтар қайшы келмейтін бірен-саран лексемалар қазақ халқының, тілінің тарихы бойынша зерттеулер жүргізуде, *қазақ* этнонимінің қалыптасуы мен этимологиясын жобалауда аса маңызды дерек болып табылады. Қазақ халқының атауына тұлғасы сәйкес келетін лексемалар біздің заманымызға дейінгі ежелгі жазбалардан да қылаң беретін сыңайлы. Белгілі ғалым Ө. Нұрмағамбетов б.д.д. YI-Y ғасырларда билік құрған Дарий патшаның құлпытасындағы жазуда *kossak* деген халық атауы кездесетінін көрсетеді [3]. Әрине, екі мың бес жүз-екі мың алты жүз жыл бұрын қолданылған көне этнонимді қазіргі қазақ халқының атауымен тікелей сабақтастыру үшін әлі де нақтылы тарихи деректердің жеткіліксіз екені, шынайы пайымдаулар жасау үшін жазудың нақты көшірмесін қолға түсіріп (егер сақталған болса), тарихи-грамматологиялық талдаулар жүргізудің қажеттілігі белгілі. Ал таза лингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда *qazaq* этнонимін *kossak* түрінде реконструкциялау этимологиялық принциптерге қайшы келмейді.

YII-YIII ғасырлардағы қытай жылнамаларында *qazaq* этнонимі *qasa/ xasa* тұлғасында қолданылғаны жайлы деректер бар [4]. YIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында өмір сүрген грек монахи Епифанидің жазбасында *kasogdijane* (*касоддиане*) халқы кездесетіні жайлы да мәлімет тіркелген [5]. *Qazaq* лексемасының этнонимдік сипатта қолданыла бастаған кездері зерттеушілердің пікірі бойынша негізінен X-XI ғасырлардан басталады. 913-959 жылдары өмір сүрген Византия императоры Константин Багрянородныйдың жазбасында *Kasaxija* (*Касакхия*) елі туралы, парсы ақыны Фирдоусидің «Шахнама» дастанының «Рүстем тарихы» тарауында *Qazaqija* (*Қазақия*) елі жайлы, X ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы Масудидің «Мурадж әл-дзахаб» еңбегінде *kašak* халқы туралы, 982 жылы парсы тіліндегі «Худд әл әләм» атты шығармада *qasaq* ұлысы жайлымәліметтер берілсе; славяндықтардың 968 жылы жазылған Святослав жазбасында *kosog* этнонимі; 1022 жылы жазылған Мстислав жазбасында да *kosog* этнонимі; 1223 жылы жазылған Никон жылнамасында *kasax* этнонимі; XII-XIII ғасыр мұрасы «Слово о Полку Игореве» жылнамасында *kosok* сөзі сақталған.

Монғолдардың «Құпия шежіресінде» (XIII ғ.) де *qasaq* этнонимімен тұлғалас *hasag* лексемасы кездеседі. Шежіреде қоңыраттарға берген Дэй шешеннің сипаттамасында *Хасаг тэргэнд унуулж, Хар буур хөлгэж* «Қазақ арба(күйме) мінгізіп, қара бура жеккізіп» деген сөйлемдер бар [6]. *Хасаг тэргэнд* «қазақ арба(күйме)» тіркесі XIII ғасырдағы оқиғалар желісінде құрылған «Алтын топшы» (XYI –XYII ғғ.) ескерткішінде де қолданылады [7]. Монғол шежірелеріндегі *hasag* сөзінің қоңыраттарға байланысты қолданылуы лексеманың *qazaq* этнониміне тікелей қатыстылығын көрсетеді. Қазақстан аумағынан табылған петроглифтерде екі дөңгелекті арбалардың бейнеленуі де ежелгі түркі тайпаларының (қазақтардың ата-бабаларының) арба жасау механизмін жақсы меңгергенін айғақтайтын деректер ретінде қарастырылуда.

Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуымен байланысты ХҮ-ХҮІ ғасырлардан бастап *qazaq* этнонимінің жазба деректерде кездесуі де жиілей береді. Акадмик Ә. Марғұлан ХҮ-ХҮІ ғасырларда Қазақ хандығының династиялық сипаты жайлы айтылған бірнеше түркі дереккөздерін көрсетеді: «Қазақ ұлысының династия түрін ашық түрде жазып кеткен ғалымдар – Абдыразақ Самарқанди (1413 - 1482), Мұхаммед Хайдар (ХҮІ ғ.), Хондемир Хабиб асснар, Масгут Куихистани (Тарих Абулхайыр Хани), Қадырғали Жалаири (ХҮІ ғ.), Хафиз Тыныш (Абдулла неме), Рузбихан (ХҮІ ғ.), Хайдар Рази, Ғафари, Абулғази, Маржани. Олардың биік сатыға жеткен кезі Жәнібектің, Керейдің, Бұрындықтың, Қасым ханның, Ақназардың кезі» [8].

Қазіргі қазақ халқының атауы *qazaq* этнонимінің *Kasaxija*, *Qazaqija* елдерінің атауларымен, *kosog*, *kasax*, *kosok*, *xasag* лексемаларымен байланысы ХІХ ғасырдың бірінші жартысында-ақ П. Бутков, С.О. Сенковский, А. Левшин, А. Вамбери т.б. сынды зерттеушілер тарапынан айтыла бастағаны белгілі. 1804-1805 жылдары Москвада жарияланған алты томдық «Словарь географический Российского государства» атты еңбектегі деректер де *qazaq/kosog/kajsak* этнонимдерін бір халықтың атауы екенін көрсетеді: «Казахи – древние Косоги, племя обитающее в русской Армении, т.е. в Тифлисской, Ереванской губерниях, тождественные с нынешними (1804) кайсаками. Страна Казах или Казахская династия, называемая Страбоном Сахатзене, входит ныне в состав Елизаветпольского уезда Тифлисской губернии» [2]. Қазақ халқының өткені мен *qazaq* этнонимінің тарихына байланысты айтылған пікірлер сол кезден бері жалғасып, жаңа көзқарастармен толығып келеді (Ю. Клапрот, В.В. Радлов, А.Н. Самойлович, В.В. Вельяминов-Зернов, И.Г. Гербер, И.А. Гильденштидт, И. Казанцев, А.А. Семенов, К.И. Петров, В.В. Бартольдт, А.Н. Бернштам, А.П. Чулошников, П.П. Иванов, П. Алексеева, В.Ф. Минорский, Д.Е. Еремеев, Ф. Шахматов, С.В. Юшков, В.П. Юдин т.б.). *Qazaq* этнонимі жайлы фрагментарлы пікірлер мен арнайы зерттеулер қазақ халқының төл перзеттері тарапынан айтыла бастағанына да ғасырдан аса уақыт өтті. Ш. Уалиханов, А. Құнанбаев, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев, С. Сейфуллин сынды қазақтың біртуар ұлдарының пікірлері мен көзқарастары С. Аманжолов Ә. Марғұлан, С. Ибрагимов, М. Ақынжанов, Ә. Қайдар, Ә. Нұрмағамбетов, А. Әбдірахманов, Б. Әбілқасымов, Т. Жанұзақов, Қ. Өмірәлиев, Б. Аспандияров т.б. ғалымдардың еңбектерінде, Ә. Сарай, Р.Бәдірленов т.б. сынды зерттеушілердің ізденістерінде тереңдетіліп, жан-жақты талданды.

С. Аманжолов 1948 жылы жазылған мақаласында Абайдың *qazaq* этнонимін арабтың *xizaqı* «көшпелілер, көшпелі тайпалар» мәнін беретін *xizaqı* сөзімен байланыстырған пікірі жайлы «...қазақтың да құзақтар секілді көшпелі болғандығынан, ұқсастырып аталып кетуі ықтимал. ІХ ғасырда Орта Азияны арабтар бағындырып тұрғаны белгілі. Ал сол кезде қазақ тайпаларының болуы шындық. Оған Фердаусидің айтқаны да дәлел. Сонда *қазақ* деген сөзді арабтың *құзақ* деген сөзінен шықты деудің жөні бар сияқты»дей отырып, *qazaq* атауының әр дәуірде әр түрлі мағына бергенін ХҮ ғасырда шыққан Самабектің «Хамус турки» сөздігінде *qazmaq* «тарау», *qazaq* «сақалсыз әскер» лексемаларының кездесетіні, ХІҮ ғасырда татарлардың атты әскерлері *qazaq* деп аталғаны, В.В.Вельяминов-Зернов *qazaq* сөзін «салт атты әскер» мағынасында қолданылғаны т.б. деректер негізінде дәлелдейді. Сондай-ақ ғалым ХІҮ-ХҮ ғасырда Амудария, Сырдария бойында Сарай Берке қалаларындағы *qazaq*, *özbek* этнонимдерінің мағынасы бір синонимдік сөздер болғанын көрсетеді [9]. Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректерін негізге алған зерттеушілердің көпшілігі

qazaq, özbek этнонимдерінің дербес халық атауы ретінде қолданылуын 1468-жылы Әбілқайыр қайтыс болғаннан соң қазақ ұлысының күшейіп, Дешті-Қыпшақтың барлық елі Жәнібек пен Керейге қосылуымен, олардың Шу өңірінен қайта көшіп Сыр бойындағы Сығанақ қаласына орналасуымен байланыстырады. Осы кезден бастап қазақ өзбектен бөлініп, өздерін «қазақ» атаған дегенге саяды.

Qazaq сөзімен тұлғалық жағынан сәйкес лексема YI-IX ғасырлардағы көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тілінде де кездеседі. Енисей ескерткіштеріне жататын Уюк-Туран жазбасында: *Teṗri elimke qazyaqim oylim En Uz oylim alti biṗ juntim* «Тәңірі еліме олжам /табысым/ - ұлым Ен Ұз, ұлым /және/ алты мың жылқым» [10] деген сөйлем құрамында *qazyaqim* лексемасы қолданылады. Ескерткіштің алғашқы оқылымдарында *qizyaqim* түрінде транскрипцияланған сөзге алғаш назар аударған ғалымдардың бірі С.Е. Малов консонантты жазу жүйесіне негізделген түркі руникасының ерекшеліктеріне сай дауыста дыбыстардың таңбаланбайтынын ескере отырып, сөзді *qazyaqim* деп оқуға да болатынын айтады және *qazyaqim oylim* тіркесін «приемный сын» түрінде аударады. Түркі тілдеріндегі *y/g* дыбыстарының тұрақсыздық сапасын негізге алған ғалым ескерткіштер тіліндегі *qazyaq* лексемасы мен *qazaq* қазіргі *qazaq* этнонимі бір сөздің варианттары болуы мүмкін екенін де көрсетеді [11]: *qazyaq* → *qazaq*. Сөйлем құрамындағы *qazyaq* сөзінің *qazaq* этнонимімен сәйкестігіне профессор А. Аманжолов та мән береді: «Бесінші жолдағы *қазғақым-қазғақ* «олжа, табыс» сөзінен оның *қазға/н/- олжалау, тауып алу» етістігі мен қазіргі қазақ этнонимімен төркіндес екендігі байқалады /қазғақ-қазғақ/» [10]. С. Малов аудармасындағы «асыранды бала/приемный сын» мағынасы да «тауып алған, олжа бала» мәнінен туындап отырғаны аңғарылады. Бұл этнонимдік сипатта болмаса да *qazaq* этнониміне тұлғалық тұрғыдан сәйкес келетін лексема қолданылған нақтылы жазба деректердің ең көнесі. Зерттеушілердің Енисей ескерткіші Уюк-Туран жазбасындағы *qazyaq* сөзін «олжа, табыс» мағынасында аударуына *qazba* «Жер асты байлығын іздеу жұмыстары», *qazina* «1. Түрлі бағалы заттар, дүние-мүлік; материалдық байлық. 2. Жер қойнауындағы қазба байлық, кен» ҚТТС, 453 сөздерінің жалпы мазмұнындағы ортақ семантика негіз болса керек. *Qazyaq* лексемасының құрамынан *qazet* етістігін және есім сөз тудырушы *-yaq* қосымшасын ажырату арқылы лексеманың аталымдық уәжін («олжаны, байлықты табу үшін жасалатын іс-әрекет») айқындау қиындық тудырмайды. Жалпы этнонимдер жүйесінің тарихилығы, көп қабатты даму үдерістерінен сұрыпталған субстраттық табиғаты қарапайым талдауларға көне бермейді, сондықтан *qazaq* этнонимінің мазмұнын «олжа, табыс» мағынасымен ғана байланыстыра қарастыру жеткіліксіз. Сондай-ақ Орхон мұралары тіліндегі *qazya* сөзінің семантикалық деривациясындағы ортақ мазмұн Уюк-Туран жазбасындағы *qazyaq* лексемасының мағынасын «олжа, табыс» мәнімен ғана шектеуге болмайтынын көрсетеді.*

Орхон ескерткіштерінде жиі қолданылатын *qazya* сөзі әр түрлі аударылады: «билік орнату» - *Qañim qayan ançailig törüg qazyanip* «Әкем қаған осылай елдік пен билікті орнатып» КТү.15 [12]; «елдік жасау» - *Kimke iligqazyanurmın* «Кімге елдік жасаймын» КТү.9 [12]; «құрау (елді)» - *Inim Külmegin birle eki çad birle qazyantim* «Інім Күлтегінмен, екі уәзірмен өліп-тіріліп құрадым» КТү.27 [12]; «меңгерді» - *Altı jigirmi jašiq eçim qayan ilin törüsün ança qazyantı* «Он алты жасында ағам қағанның ел-жұртын сонша меңгерді» КТү.31 (12,177-178); «бүйтпесе(олай етпесе)» - *Ilteris qayanqazyanmasar joq erti erser. Ben özüm bilge Tonijkuqazyanmasar ben joq erti erser* «Елтеріс қаған бүйтпесе, ол да болмас еді.

Мен өзім Тоникук бүйтпесем, мен де болмас едім» Тон.59 [13]; «қызметі (қызмет еткені)» - *Iteris qaγan bilge Tonijkuq qazyantuq üčün Qapaγan qaγan Türk esir budun joriduqı* «Елтеріс қаған, билге Тоникук қызметтері үшін Қапаған қаған түркі есір халқы жасады» Тон. 61 [13]. С.Е. Малов *qazγa* лексемасы қолданылған Күлтегін және Тоникук ескерткіштеріндегі осы сөйлемдерді «Для кого я *добываю* (т.е. завоевываю)» КТҮ.9; «С моим братом Кюль-тегином и с двумя шадами я *приобрел* (т.е. предпринимал завоевания)» КТҮ.27; «Если бы Эльтериш-каган *не старался* приобрести или если его не было бы и если бы я сам мудрый Тоньюкук, *не старался приобретать* или если бы не существовал» Тон.59; «Ради *стараний* Эльтериш-кагана и мудрого Тоньюкука вот существует Капаган-каган и народ тюрокв-сиров» Тон.61 [14] деп аударады. Екі автордың аударылымдары әр түрлі берілгенімен жалпы мазмұнға «елге қызмет ету, елдің басын біріктіру, жаңа ел (мемлекет) құру» семасы өзек болып отырғанын аңғару қиын емес. Бұл *qazγa* етістігін *qazaq* этнонимімен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік береді.

Уюк-Туран ескерткіші тіліндегі *qazγaq* сөзін *qazaq* этнонимімен байланыстырушы зерттеушілердің бірі В.П. Юдин С.Е. Маловтың пікірін негізге ала отырып, *qazγaq* емес *qazaq* деп оқуды дұрыс санады және П. Пелльо, В.В. Вельяминов-Зернов т.б. сынды ғалымдар ұсынған алғашқы гипотезалық этимологияның ізімен *qazaq* этнонимі құрамындағы *qaz* түбірін **qaš//** *qaš* түрінде реконструкциялауды, этноним мағынасын «қашқын//беглец» деп ажыратуды ұсынады. Автордың пікірінше, *qazaq* этнонимінің «асыранды бала/приемный сын» мағынасы алғашқы болып табылады, «қашқын//беглец» мәні бірінші мағынадан өрбіген екінші дәрежелі мағына: «...чтобы стать приемным сыном, владетелю рода приходилось признавать ранее, уходив со своими людьми или без них от своего племени, чтобы пристать к другому»[15].

XII ғасыр мұрасы саналатын «Оғуз қаған» эпосында қолданылған *OšulUrumqaγan Oγuz qaγanniη žarlıγın saqlamas erdi, qadaqlaγu barmas edi* «Урум қаған Оғуз қағанның жарлығын сақтамас (орындамас) еді, қадағалауға (қарауға, бақылауға, басқаруға) бармас еді»; *...kök tülüklig, kökžalluγ beduk bäriniηartlarin qadaqlap jürügde turur erdiler erdi* «көк түлікті, көк жалды биік бәрінің арттарынан қадағалап (күзетіп) жүретін ерлер ерді(іlesti)»; *Baluqni qadaγlaw kerek turur* «Қаланы қадағалау (күзету) керек» сөйлемдерінің құрамындағы *qadaqla/qadaγla* етістігіне негіз болған **qad* (**qad* → *qad+aq/aγ+la*) моносиллабы да жалпы тұрпаты мен жалпы мазмұны жағынан Уюк-Туран жазбасындағы *qazγa* етістігіне негіз болған **qaz* (**qaz* → *qaz +γa*) моносиллабымен сәйкес келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – Москва: Наука, 1974. – 399 с.
 - 2 Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.
 - 3 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ ру-тайпалары атауларының төркіні//Ана тілі. –1993, 13 мамыр.
 - 4 Бәдірленов Р. «Қазақ» атауының төркіні туралы// Ленин туы. –1990, 15 наурыз.
 - 5 Сарай Ә. «Қазақ» атауының ізімен.//Қазақ тарихынан. –Алматы:Жалын, 1997.
 - 6 Моңғолдың Құпия шежіресі. - Өлгей, 1978. – 131 б.
 - 7 Лувсанданзан. Алтан товч. – Улаанбаатар, 1990. – 151 б.

8 Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан: Жалын, 1996. -2004. -211-бет.

9 Аманжолов С. «Қазақ» деген сөздің қайдан шыққаны туралы// Қазақ тарихынан. –Алматы: Жалын, 1996. –2004. –106-108 бб.

10 Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. –Алматы: Санат, 1996. –127 б.

11 Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. Текст и переводы. – Москва – Ленинград, 1958. – 116 с.

12 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. –Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.

13 Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (ҮІІІ ғасыр) тілі. –Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.

14 Малов С.Е. Памятник в честь Тоньюкука//Орхонские надписи. Кюльтегин. Бильге-Каган. Тоньюкук. –Семей : Международный клуб Абая, 2001. – С. 64-114.

15 Юдин В.П. К этимологии этнонима казах (қазак)//Центральная Азия в ХІҮ-ХҮІІІ веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. –С. 156-166.

Резюме

В статье систематизированы мнения о происхождении, содержании и семантическом мотиве этнонима qazaq. Преемственность лексемы qazgaq на языке Енисейских памятников и этнонима qazaq анализируется в аспекте структурно-семантических особенностей моносиллабов *qaš//*qač//*qad//*qaz.

Resume

This article arranges the views of scholars on the origin, semantics and semantic motivation of qazaq ethnicon. The relation of the lexeme qazgaq in Yenissei inscriptions and qazaq ethnicon is considered based on the meaning and form of *qaš//*qač//*qad//*qaz monosyllables

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАРАБАЙЫР ДҮНИЕ БЕЙНЕСІНІҢ СОМАТИКАЛЫҚ КОДЫ: АДАМ ОБРАЗЫНЫҢ СТЕРЕОТИПТІК МОДЕЛЬДЕРІ

Г. САФИДОЛДА

филология ғылымдарының докторы

Қ. САРЕКЕНОВА

филология ғылымдарының кандидаты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация

Мақалада дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментін қалыптастыратын адамның ішкі сезім жағдайы мен жеке басының қасиет-қадірінің сыртқы көрінісі туралы ұғым-түсініктер жиынтығы «адамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы әлемінің (физикалық) бірлігі, біртұтастығы» идеясын көркем тұрпатта суреттеп, бейнелейтіні туралы айтылады. Сондықтан адамның жүріс-тұрысы, қимыл-қылығы, іс-әрекеті, бет-әлпеті, сөйлеу әрекеті т.б. арқылы көрініс беретін адамның ішкі әлемінің «симптоматикасының» тілдік бейнесі және адамның «қарабайыр анатомиясы мен физиологиясы», «қарабайыр физиономиясы» туралы тілде бекіген білім қорын зерделеуде соматикалық фразеологизмдер «адам және оның ортасы» аралық байланыстың соматикалық коды ретінде жұмсалатыны қазақ және моңғол тілдерінің тұрақты тіркестері арқылы көрсетілді.

Түйін сөздер: көшпелі өмір салты, қазақ тілі, моңғол тілі, фразеологизм, соматизмдер, тілдік модельдер, дүниенің тілдік бейнесі, қарабайыр дүние бейнесі, сұлулық, келбеттілік, жас ерекшелігі.

Тіл иесінің (этностың, ұлттың, халықтың) дүние-ғалам жайлы ұғым-түсініктері, мифтік танымдары, философиялық ой-тұжырымдары, салт-дәстүрлері сияқты рухани құндылықтарынан хабардар ететін ақпараттар легі тілдің лингвомәдени, ментальдік (ділдік), эстетикалық, поэтикалық, бейнелілік, көрнекілік қасиеттерімен тұтасып келіп, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер сияқты тұрақты бейнелі оралымдарда айқын көрініс табады. Сондықтан тіл-тілдегі тұрақты бейнелі оралымдарды «тіл – ойлау – мәдениет» үштігінде зерделеп, олардың этномәдени мазмұнын «тілдегі адам факторымен» сабақтастыру, дүние бейнесін қалыптастырудағы паремиологиялық және фразеологиялық қордың рөлін анықтау, ұлттық-мәдени құндылықтардың, мәдениет константтарының паремиялар мен фразеологизмдердегі көрінісін айқындау – қазіргі тіл біліміндегі антропоцентрилік бағыттың өзекті мәселелері болуда. Осы орайда түркітану мен моңғолтану ғылымдарының фразеология саласында қол жеткізген жетістіктеріне сүйене отырып, түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттерін (дүниенің паремиологиялық бейнесі, дүниенің фразеологиялық бейнесі) антропоцентрилік парадигмасы аясында зерттеу – алтайтану, түркітану, моңғолтану сияқты сүбелі ғылым салаларының басты проблематикасы саналатын түркі-моңғол тілдік

байланысы мәселесін жаңа қырынан, мүлдем басқаша зерделеуге жетелері сөзсіз. Бұл, бір жағынан, түркі (қазақ) және монғол тілдеріне ортақ фразеопаремиологиялық қорды анықтауға; екіншіден, дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық, паремиологиялық фрагменттерінің сандық, соматикалық, астрологиялық, зоонимдік т.б. кодтарын тілаларлық (түркі, монғол) деңгейде салыстыра отырып ашуға; үшіншіден, бейнелі тұрақты оралымдарды жасаудың поэтикалық тілдік тетіктерін түркі (қазақ) – монғолдық деңгейде сипаттауға; төртіншіден, түркі (қазақ) – монғол екі жақты фразеопаремиологиялық кірмелік құбылысын айқындауға мүмкіндік береді.

Тілдік дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментінің соматикалық коды арқылы айқындалатын адам образы адамның танымдық іс-әрекеті барысында қалыптасатын дәстүрлі, ғылыми, философиялық, діни, поэтикалық т.б. концептуалдық дүние модельдерінен де өзгешелеу болып келеді. Ол туралы М.П. Одинцова былай дейді: «Адамның тілдік бейнесінде ғылыми түсінік этностың қарабайыр түсініктерімен, ал эмпирикалық тұрғыдан дәйектелген шынайы ұғым-түсініктер фантастикалық және мифтік-поэтикалық түсініктермен қатарласа орын тебеді. Мұның сыртында онда басқа да концептуалдық модельдерге тән (ғылыми, философиялық, пәлсафалық-діни) реттілік пен жүйелілік болмайды. Сөйте тұра адамның тілдік бейнесі тілдік жүйе (семантикалық бірліктер, құрылым, тілдік заңдылықтар мен ережелер) арқылы объективтенетін адам туралы ең өзекті түсініктердің барлығын өз бойына жинақтайды. Тілдің семантикалық кеңістігін тұтастай қамтитындықтан ол әр қырынан сипатталады» [1].

Адам «өзінің сыртқы түр-тұлғасын, ішкі сезім-күйін, өзінің ақыл-парасат, зият-зерде, ой өресін, өзінің заттық және заттық емес әлемге, табиғатқа қарым-қатынасын, көзқарасын т.б. өзі мен өзгелер жайлы танымын тілінде таңбалап, тілінде бекітіп, тілі арқылы сақтағандықтан», сөйтіп, «өзі сөйлейтін тіліне шығармашылыққа, ой мазмұнын құбылтуға деген қабілет дарытқандықтан» [2, 3], адам анатомиясы мен физиологиясының, адам психикасының тілдік модельдерін зерттеу аса маңызды болып саналады. Себебі дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде сомдалатын «адам образының» көмегімен:

1) адам феноменін түсінудің таза ғылыми емес, бірақ оны біршама толықтыратын лингвоантропологиялық қосымша тәсілін қалыптастыруға болады;

2) әлемнің көзге көрінбейтін дерексіз саласына жататын психикалық феномендерді дүниені танудың тілдік «логикасы» тұрғысынан түсіндіру жеңілдетіледі [3];

3) сананың образды-ассоциативтік саласының қолдауын қажет ететін шындық болмыстың айқын емес басқа да қырларын танып-білуге жол ашылады, мұнда адамның денелей алған тәндік тәжірибесін жалпылау және шығармашылықпен өңдеу, сонымен қатар тілдік модельдер арқылы әр алуан құбылыстардың қасиеттері мен белгілерінің қайтадан қиюластырылатыны ескеріледі [4];

4) адамның ішкі әлемі «тілдегі бұрыннан бар бірліктердің мағыналық трансформациялануы жолымен жаңа тілдік мән-мазмұндарды тудыруға бағытталатын және тілде мағыналық тұрпатта бекіген бұрыннан бар ұғым негізінде пайда болатын ассоциацияларға сүйенетін лингвокреативтік ойлаудың» нысанына айналады [5].

Қазақ және монғол этностарының дүние бейнелерінде адамның бет-келбетінің, тұлға-тұрпатының сын-сипатын сипаттауда мәдениеттің соматикалық

коды түр-түстік, фитонимдік, зооморфтық, заттық кодтармен тоғыстырылып, соматизмдердің семантикалық өрісінің ассоциациялау мүмкіндігі артады. Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуындағы ұлт менталитетінің рөлін зерделеу барысында Г. Смағұлова: «адамның сұлулық, әдемілік сипаттарын бейнелеуде ұлттық мәдени өмір салты, қоршаған орта, жер жағдайы, құбылысты қабылдау ерекшеліктері көрініс беріп отырады» – дейді [6]. Мәселен, «көз тартар көркем жанның көрікті жүзін» қазақтар *салған суреттей* деп, моңғолдар *зургийн хуар шиг* (сөзбе-сөз: «суреттің нақышындай») деп, қазақтар *ағы ақ, қызылы қызыл* деп, моңғолдар *улаан цагаанаараа ялгарсан* (сөзбе-сөз: «қызылы ағынан ажыратылған») деп тамсана суреттейді. Кіргені де тез, шыққаны да тез, істеген ісі де тез болып, құныперен шауып жүретін адамды қазақ үйіріле соғып, бұрқ-сарқ етіп өте шығатын *ала құйынға* баласа, моңғол жұрты *хуй салхи шиг* (сөзбе-сөз: «құйын желдей») деп құйынның жылдамдығына теңейді.

Қазақ және моңғол халықтарының сан ғасырлар бойы ұстанған көшпелі өмір салты, сол салт негізінде туындаған рухани және дәстүрлі заттық мәдениетіндегі ұқсастықтар дүние бейнесінде екі халыққа ортақ білім қорын, ортақ таным модельдерін қалыптастырғаны сөзсіз. Мұны қазақ және моңғол жұртының адамды және оның өзіндік ерекшеліктерін, қасиеттерін, іс-әрекеттерін сипаттайтын бейнелі фразеологизмдеріне арқау еткен мал шаруашылығына қатысты ортақ образдардан байқауға болады: «бет-әлпетіне жарасымсыз етіп шоқшанып сақал қойған сүйкімсіз кісіні» қазақтар да, моңғолдар да *теке сақал* (моңғ. *ухнан сахал* (сөзбе-сөз: «теке сақал») деп жаратпай атайтын болса, қазақтар *қойдан қоңыр* деп, моңғолдар *хонь шиг хун* (сөзбе-сөз: «қой сияқты жан») деп «ешкімде қақ-соғы жоқ бейуаз, момын адам» мінезін қой образы арқылы береді.

Қазақ пен моңғол этностарының дәстүрлі көшпелі мәдениетінің өзіндік ерекшелігін дүние бейнесінде *көз* соматизмінің зооморфтық, фитоморфтық т.б. кодтармен тоғысым тауып, метафоралық қолданысқа ие болуы, сөйтіп эстетикалық бағалау критерийлерінің біріне айналуы да таныта алады.

Көшпелі өмір салтына негізделген қазақы эстетикалық талғам бойынша көз формасының дөп-дөңгелек болып келуі, көздің тұнық, мөлдір қара немесе сұрғылт-қызыл түсі (*көзі қарақаттай, қой көзді, көзі ботадай, құралай көз*), жанардың өткірлігі (*көзі отты, көз жанары өткір*) қазақ ұғымында сұлулық эталондары ретінде қабылданатын болса, көз түсінің көкшілдігі (*көзі тұздай*), қылилық (*қыли көз*), көздің ағының қарасынан көптігі (*ала көз*), көз аясының тарлығы (*қысық көз*) т.б. сүйкімсіздікті білдіреді. Ал моңғол дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментіне зер салсақ, көздің тұнық қара түсі мен сопақша сыртқы пішіні, шоқтай жануы, жанардың өткірлігі сұлулықты айқындайтын белгілердің қатарына жатады: *тунгалаг хар нүдтэй* (сөзбе-сөз: «тұнық қара көзді»), *навч мэт зууван үзэсгэлэнт нүдтэй* (сөзбе-сөз: «жапырақ сияқты сопақша көрікті көзді, яғни қиғаш көзді»), *нүдэндээ галтай, нүүрэндээ цогтой* (сөзбе-сөз: «көзі отты, жүзі шоқты»), *хуриц нүдтэй* (сөзбе-сөз: «өткір көзді») т.б.

Моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменті көздің көк түсін тіркемейді. Мұндай дүние бейнесінің тілдік фрагменттеріндегі айырым тұстарды *нүд* «көз»соматизмінің зоонимдік, фитонимдік код қызметінде жұмсалыуынан да байқауға болады. Мәселен, жан-жануарлар мен қанаттылар әлеміне қатысты болып келетін көздің метафоралық қолданыста өсімдік әлеміне «көшірілуі» моңғол дүние бейнесінде өсімдік атауларын тудыруға негіз болып, фитонимдік кодтар түзеді: *хэрээний нүд* (сөзбе-сөз: «қарғаның көзі») – гүлді өсімдік, *үхрийн нүд* (сөзбе-сөз: «сиырдың көзі») – бүлдірген, *хонины нүд* (сөзбе-сөз: «қойдың көзі») – қой бүлдірген т.б.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде жинақталған адамның сыртқы бейнесі туралы түсінік адамның гендерологиялық жіктелісіне негізделеді де, «әдемілік – сұрықсыздық», «сүйкімділік – сүйкімсіздік» категориялары арқылы сипатталады.

Адам болмысының ең жоғарғы эстетикалық жағдайын сипаттайтын әдемілік категориясы шеңберін қазақ және моңғол этностарының әйел әдемілігі мен ер адамның келбеттілігі жөніндегі танымдық ұстанымдары көрініс табатын образдардың ассоциативтік аясының кеңдігі айқындай түседі.

Әйел әдемілігіне қатысты образдарды сомдауда адамның ішкі ағзаларының теріге әсері қазақы және моңғол дүние бейнелерінде көбіне қызыл және ақ түстермен беріледі. Қарабайыр санада әйел жүзіндегі қызғылт арай сұлулық пен денсаулықты көрсетіп, қызыл түс «қан тазалығының», ақ түс «тері тазалығының» кепіліне алынады. Мысалы, қазақ тілінде: *қызылы қызыл, ағы ақ; аққұбаиша келген; бидай өңді; қырдың қызыл гүліндей; қызыл шырайлы; екі беті алмадай; нарптай қызыл* т.б.; моңғол тілінде: *улаа бутарсан царай* (сөзбе-сөз: «қызғылт рай шашыраған шырай»), *жимсэн улаан хацар* (сөзбе-сөз: «кемістей қызыл бет»), *шүлэн улаан хацартай* (сөзбе-сөз: «нәрлі қызыл бетті») т.б. Сондай-ақ әйел затының денсаулығын болашақ ұрпақ қамымен байланыстырған қазақы қарабайыр сана орташа толықтықты әйел әдемілігінің маңызды сыңары етіп тілде *бес биенің сабасындай, аяқ-қолы балгадай* тұрақты тіркестер арқылы бекітетін болса, моңғол жұрты дене тұрқыны, бой әдемілігінің көрсеткішіне арық та емес, толықта емес бітімді ала отырып, оны деннің саулығымен байланыстырып, *мах шөл тэнцүү* (сөзбе-сөз: «ет сөлі тең») деп бейнелеп көрсетеді.

Қазақы дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментінде жалпы сұлу әйел образын сомдауға *көргеннің көзі тойғандай, топты ортадан ойғандай; қаса сұлу; хор қызындай; жаяу жатып, атты түсіп қарағандай; тілмен айтып жеткізе алмайтын; қараса көз тоймайтын; жаңа туған айдай*, т.б. тұрақты тіркестер қатысатын болса, моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагментінде әйел әдемілігі *нар сар адил* (сөзбе-сөз: «күн ай секілді»), *морьтой хун бууж хармаар, явган хун сууж хармаар* (сөзбе-сөз: «атты адам түсіп қарар, жаяу адам жатып қарар»), *нүд булааж төрсөн* (сөзбе-сөз: «көз жаулап туған»), *цэцэг цэврүү шиг* (сөзбе-сөз: «бәйшешек үлбіріндей»), *уулын согоо шиг* (сөзбе-сөз: «тау маралындай»), *төрсөн байтлаа зурсан шиг* (сөзбе-сөз: «тау салысымен қылқаламмен сызғандай»), *арсан толь шиг* (сөзбе-сөз: «аршыған айнадай»), т.б. бейнелі тұрақты оралымдар арқылы сипатталады.

Қазақтың көркемдікті қабылдауға қатысты эстетикалық талғамы бойынша әйел адамның бет, қас, кірпік, көз, мұрын, ауыз, ерін, тіс, иек, мойын, бел, ет-тері сияқты сыртқы дене мүшелерінің нақты детальдарына, әйел затының мүсін, қылық-қимыл сұлулығына айрықша назар аударылып, олар дүние бейнесінің тілдік фрагментінде фразеологиялық теңеулік конструкциялар арқылы сипатталады. Теңеулік конструкцияларға өсімдіктер мен жан-жануарлар әлемінен алынған образдар, сан түрлі заттар мен құбылыстардың түр-түс, сын-сапа қасиеттері арқау етіледі.

Әлемді көрнекі де көркем етіп қабылдаудың нәтижесінде түзілетін қазақы дүниенің поэтикалық бейнесінде әйел затының бет-әлпет сұлулығы: *қой көзді, қолаң шашты, қасы қияқтай, көзі қарақаттай, құралай көз, мұрны пістедей, қыр мұрын, аузы оймақтай, ерні шиедей, екі беті алмадай, ай десе аузы, күн десе көзі бар, ай қабақ, алтын кірпік, аққудың топшысындай аппақ иек, аршыған жұмыртқдай (бет), тістері тізіп қойған ақ мәрмәрдай* т.б.;

бел мен білек сұлулығы: *жұмыр білек, ақ білек, саусағы сүйіктей, аршын төс, белі қылдай, қыпша бел, бұраң бел, құмырысқа бел* т.б.;

ет-тері сұлулығы: *аппақ қардай ет, наурыздың ақша қарындай* т.б.;

мүсін сұлулығы: *алтын асықтай, киіктің асығындай, сымға тартқан күмістей, аққудың көгілдіріндей* т.б.;

кылық-қимыл сұлулығы: *кер маралдай керіліп, бір басарға ерініп, толған айдай толықсып, ақ сазандай бұлқысып, құнан қойдай бой тастап, жүйрік аттай ойқастап, томағасын алдырған ақ сұңқардай, тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған*, т.б. тілдік модельдер арқылы суреттеледі.

Ер адамның кескін-келбетіне қатысты алғанда қазақтың эстетикалық талғамындағы әйелге тән «сұлулық», «әдемілік» категориясы «келбеттілік» категориясымен ауыстырылып, қарабайыр дүние бейнесінде еркектің қажыр, қайрат, күш, айбар сияқты қасиеттері ер адамның жас мөлшеріне байланысты қимыл-қылығымен астастырылады да, «көріктілікті» айқындаудың сапалық көрсеткіші етіледі. Басқаша айтқанда ер адамның келбетін эстетикалық бағалау оның ішкі қасиеттерін этикалық бағалаумен тікелей астасып жатады.

Ер адамның сыртқы бейнесін сомдауда ассоциацияға аңдардың ең жүректілері саналатын арыстан, қабылан, жолбарыс, төрт түлік ішінен құр ат, жаратылған ат, қыран құстар қатарынан қаршыға, бүркіт, сұңқар, лашын, қырғи, өсімдік әлемінен қарағай, емен сияқты діні мықты ағаштар, найзағай, жасын тәрізді табиғат құбылыстары, тоқпақ, диірмен тасы сияқты тұрмыстық заттар түседі де, олардың «қаттылық», «мықтылық», «күштілік», «өткірлік» категорияларын құрайтын белгілері ер адам келбетін танытудың өзегі етіледі. Мәселен, тілдегі еркек образын сомдауға қазақ тілінде: *торсық шеке (ұл), қаршыға көз, от шашқан өткір көз, жарқ еткен найзағайдай көз жанары, ат жақты, сүліктей қара мұртты, мұрты қияқтай, күзен бел, ерттеп қойған құр аттай, арыстандай айбатты, қабыландай қайратты, лашын құстай түйілген, қанды көз қыран құстай, қызылшыл қырандай, қаршығадай бойы бар, үйдей үлкен ойы бар, қас батырдай пішіні, жас емендей, тіп-тік боп тауда өскен қарағайдай, жұдырығы қол ағаштай, найзағайдың отындай жарқылдаған (қимыл), диірменнің кесек тасындай (тұлға), қапсағай денелі, екі иығына екі кісі мінгендей, екі иығы қақпақтай, бұлшық еті тоқпақтай*, т.б. бейнелі фразеологизмдер қатысатын болса, моңғол тіліндегі *идрийн цог гялалзсан* (сөзбе-сөз: «жастықтың шоғы жарқылдаған»), *орь залуугийн цог бадарсан* (сөзбе-сөз: «қыршын жастың шоғы маздаған»), *идэр залуу настай, исгэлэн халуун биетэй* (сөзбе-сөз: «балғын жас шақты, ашымал ыстық денелі»), *эр хүний арван гурван мэхтэй* (сөзбе-сөз: «бойында ер адамның он үш амал-айласы бар»), *уулын чинээн эр* (сөзбе-сөз: «тау тәрізді ер»), *галтай цогтой* (сөзбе-сөз: «отты шокты»), *дөч хүрсэн эр, дөрвөө дарсан ат, дээр бүрэн морь* (сөзбе-сөз: «қырыққа келген ер, аптығын басқан атан, үсті түгел ат»), *эрийн цэнд хүрсэн* (сөзбе-сөз: «ер қатарына жеткен»), *жигүүртэн шувуу шиг* (сөзбе-сөз: «қанатты құстай»), *эмээлгүй эмнэг, хазааргүй хангал шиг* (сөзбе-сөз: «ер-тоқымсыз асаудай, »), т.б. тұрақты сөз тіркестері ер адамның кескін-келбет, мүсін сұлулығын оның ішкі қажыр-қайрат күшімен тоғыстырған тілдік модельдер болып саналады.

«Сүйкімсіздік» категориясының семантикалық өрісін тудыратын фразеологиялық бірліктер де гендерлік сипатқа ие болып келеді. Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде ер адамның сыртқы түр-тұрпатының көзге қораш детальдары оның мінез-құлқының жағымсыздығын, әлеуметтік жағдайы мен көңіл-күйінің төмендігін баса көрсетумен ұштастырылады. Мысалы, тұрмыс-тіршіліктің ауырталығы ер адамның арық

болуымен, жүдеу көрінуімен (қазақ тілінде: *жағына пышақ жанығандай, мойны ырмайдай, биті торғайдай, бетегедей қуарған сақал-шаш* т.б.; моңғол тілінде: *арьс яс болох* (сөзбе-сөз: «тері сүйек болу») – *қу сүйек, ясан хэлхээ* (сөзбе-сөз: «тізген сүйек») – тірі аруақ) сипатталатын болса, жігерсіз, ындыны жуас, ез еркекті қазақ *аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен*, моңғол *өхч биш, булчирхайч биш* (сөзбе-сөз: «майда емес, без де емес»), *дээлийн гол* (сөзбе-сөз: «шапанның жартысы») деп бейнелейді.

Қазақы дүние бейнесінде ер адамның ішкі жағымсыз сезім-күйінің сыртқы синптоматикасы *түрі өрт сөндіргендей, көрден жаңа тұрғандай, қаңтарда қатқан мұздай*, жайсыз мінездің сыртқа тебуі (*қу аяқ, қу ауыз, тоң мойын, кердең мойын, кер азу*) түрінде көрініс береді.

Моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагментінде кейіп-кеспірден жұрдай, ұсқынсыз еркек бейнесі *ухнан сахал* (сөзбе-сөз: «теке сақал»), *тэнгэр баганасан* (сөзбе-сөз: «аспан бақандаған») – шокшиған сақалды, *монтойсон монхор хамар* (сөзбе-сөз: «дөңкиген қоңқақ мұрын») – қоңқақ мұрын, *газар дороос гарсан шиг* (сөзбе-сөз: «жер астынан шыққандай») – кейіпсіз, *газрын бэтэгшиг* (сөзбе-сөз: «жердің құртындай») – қортық, *газартай наалдсан* (сөзбе-сөз: «жерге жабысқан») – жермен жексен, *үдийн нарны сүүдэр шиг* (сөзбе-сөз: «тал түстегі көлеңке сияқты») – тапал, *үүргийн түнзний бөглөө шиг* (сөзбе-сөз: «арқа торсықтың тығыны сияқты») – доп-домалақ, *сүүдолоосон гөлөг шиг* (сөзбе-сөз: «сүт жалаған күшіктей») – сүмірейген, *гадаа гяланцаг, дотроо паланцаг* (сөзбе-сөз: «сырты жылтыр, іші былық») – арамза, *гаднаа багтай, дотноо бугтай* (сөзбе-сөз: «сыртқа перделі, жақынына сайтанды») – жексұрын, *эрэг шөргөөсөн бух шиг* (сөзбе-сөз: «жар сүзген бұқадай») – әлемтапырақ жүзді, т.б. образды фразеологизмдер арқылы жасалады.

Қазақы дүниенің тілдік бейнесінде сұрықсыз ер адам образының ассоциативтік өрісі сүйкімсіз әйел образына қарағанда кеңдеу болып келетіні байқалады. Ер адамның сыртқы портретін түзуде акцент бас (*қауға бас, бас терісі келіспеген, шақша бас*), сақал-мұрт (*қаба сақал, тікенек мұрт*), бұжыр бет (*ит кемірген асықтай*), қабақ (*қабағы қалың*), көз (*сығырайған ұры көз, жіңісік көз*), ерін (*жалақ ерін*), мойын (*бұқа мойын*), дене бітім (*кескен томар секілді, атан түйедей өңкиген, қу борбай, кебеже қарын, шұбар төс*) сияқты соматизмдерге түсетін болса, сүйкімсіз әйел портретін жасауда тіл әйелдің сыртқы кескін-келбеті, түр-тұлғасының көз арқылы қабылдаудағы эстетикалық талғамға сай келу, келмеуін емес, «әйелге тән» деп қабылданған стереотивтік ұғым-түсінікке қайшы келетін мінез-құлықтың сыртқы көрінісін бейнелейді. Әйел затын «сұлу, әдемі, ажарлы» деп таппаған жағдайда қазақы дүние бейнесі әйел дене бітімі мен келбетінің әр деталіне «сүйкімсіздік» тұрғысынан баға беріп жатпай-ақ, *нобайы келіспеген* деген жалпылама түсінікке жүгінетіні байқалады. Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінің соматикалық коды долылықты (*саз бет, көк айыл*), ұрысқақтықты (*қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан*), салақтықты (*майлы қолтық, саллы етек, өсекшілікті (жер ауыз, тілінің ілімшігі бар, көнтек ерін, сал бөксе)*) сүйкімсіз әйел категориясының ең басты компоненттері ретінде көрсетеді.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде адам физиологиясының жас ерекшелікке байланысты бейнелі сипаттамасын «Балалық шақ», «Жастық шақ», «Орта жас», «Кәрілік» фразеосемантикалық микроөрістер бойынша жіктеуге болады. Мұнда жас мөлшерінің әр кезеңіне сай адам бойында жүрілетін физикалық және физиологиялық өзгерістерді бейнелі де көрнекі сипаттау соматиздерді дәстүрлі мәдениеттің соматикалық кодына айналдыру

процесімен қатарласа жүзеге асырылады. Мәселен, адамның балалық шағы қазақы дүние бейнесінде *тірі жан тісті бақа, көгендегі төлдей, жұдырықтай бала, көк өрім, ши борбай, көк қарын (ет алмаған арық), сары қарын жас бала, қызыл шақа, жарда ойнақтаған лақтай, ақ жұмыртқа сары уыз, түн ұйқысын төрт бөлу, бесіктен белі шықпаған, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, ауызынан ана сүті кеппеген, алақанға салып, аялап өсіру*, т.б.; моңғол дүние бейнесінде *зулай нь битүүр ч гүйцээгүй* (сөзбе-сөз: «еңбегі (анат.) бітеліп болмаған»), *борвины нь баас арилаагүй* (сөзбе-сөз: «борбайының боғы арылмаған»), *амьтай голтой хүн* (сөзбе-сөз: «жанды өзекті пенде»), *амны нь салай арилаагүй* (сөзбе-сөз: «аузының мәйегі арылмаған»), *алган дээрээ бөмбөрүүлсэн* (сөзбе-сөз: «алақан үстінде домалатқан») т.б. фразеологизмдер арқылы сипатталады. Мұндай фразеологизмдердің денотативтік, коннотативтік, метофоралық ауыспалы мағыналары астарында көшпелі қазақ, моңғол жұртының сәби күтіміне, баланы өсіру тәжірибесіне, бала денсаулығына қатысты ой тұжырымдары, сондай-ақ жас бала мен жас төл, жаңа шыққан көк балауса, құстың балапаны арасындағы ассоциацияға негізделген танымдық әрекеті жатады.

Қазақы дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде «Жастық шак» фразеосемантикалық микроөріс *бой жету, бой түзеу, мұрты тебіндеу, мұртына ұстара тию (азамат болды, есейді), мау тарту, ес кіру, ес тоқтату, сақалы шығып жат болу, салиқалы қыз болу, он үште отау иесі, ат жалын тартып міну, уыздай жас, он екі де бір гүлі ашылмаған, шүйке бас т.б.* фразеологизмдермен сипатталады. Мұнда ес, ақыл квазиоргандарының қатысуымен жасалған *ес кіру, ақыл тоқтату* фразеологизмдері жалпы ержету процесіне қатысты гендерологиялық жіктеліссіз қолданылатын болса, қазақы дүние бейнесінде бойдың сұңғактануы, дененің толысуы, мұрттың тебіндеп шығуы адам ағзасының жетілу, толысу кезеңінің ең маңызды компоненттері ретінде көрініс береді. Демек адам физиологиясының жастық шак фразеосемантикалық өрісіне байланысты «қарабайыр» интерпретация бойынша қыз бала организмнің пісіп жетілуін көрсетуде *бой (бой жету, мау тарту, балигатқа толу)*, ал ер баланың кәмелет жасқа келуін меңзеуде *мұрт (мұрты тебіндеді, мұртына ұстара тиді)* соматизмдерінің актуализациялануы айрықша екені байқалады.

Ал моңғол дүние бейнесінің фразеологиялық фрагменті адамның жастық шағын сипаттауда *гар нь ганзаганд, хөл нь дөрөөнд хурэх* (сөзбе-сөз: «қолы қанжығаға, аяғы үзеңгіге жеткен») – кәмелетке толу, ержету, *гараас гарах* (сөзбе-сөз: «қолдан шығу») – өз қолы өз аузына жету, *идрийн цог гялалзсан* (сөзбе-сөз: «жастықтың шоғы жарқылдаған»), *орь залуугийн цог бадарсан* (сөзбе-сөз: «қыршын жастың шоғы маздаған») – жалындаған жас, *идэр залуу настай, исгэлэн халуун биетэй* (сөзбе-сөз: «балғын жас шақты, ашымал ыстық денелі») – жалындаған жас жанды, қызу қанды, *шаасан гадас, шахсан бялаг шиг* (сөзбе-сөз: «қағылған қазық, сығылғын сүзбедей») – сымға тартқандай тіп-тік, *харвасан сум шиг* (сөзбе-сөз: «атқан оқтай») – қимылы тез, айрықша ширақ т.б. бейнелі тұрақты тіркестерге жүгінеді.

Мұнда «ержету, кәмелетке толу» дегенді білдіретін қазақ тіліндегі *ат жалын тартып міну* мен дәл осы мағынада қолданылатын моңғол тілінің *гар нь ганзаганд, хөл нь дөрөөнд хурэх* (сөзбе-сөз: «қолы қанжығаға, аяғы үзеңгіге жету») фразеологизміне негіз болған образдарға зер салсақ, ат жалын тартып міну де, «қолы қанжығаға, аяғы үзеңгіге жету» де (*гар нь ганзаганд, хөл нь дөрөөнд хурэх*) бар ғұмырын ат үстінде өткізіп, атты ер жігіттің қанаты, сенімді серігі санаған көшпелі қазақ-моңғолдардың өмір-тіршілігінен алынған, жылқы малына қатысты образдар. Аттың жалынан тартып ұстап,

атқа ырғып міну мен аяқты үзеңгіге салып, қанжығадан ұстап тұрып атқа мінудегі әрекеттер ұқсастығы екі тілдің бейнелі фразеологизмдерінің бір образдық модельмен өрілуіне арқау болған.

Ер баланың бой-тұрқы біршама өсіп, қолы аттын жалына, я болмаса қанжығаға еркін жететін кезі де – оның 13-14 жасы. ХІХ ғасырдың ортасына дейін қазақтар да, моңғолдар да 13-15 жастағы ер баланы ержеткен, кәмелетке толған азамат санап, алыс сапарларға, жорықтарға аттандыра бастаған, басын құрап, отауын тігіп беретін болған. Міне, соған қарағанда ер баланың қолының ат жалына жетуі, я болмаса қанжығаға жетуі ертеректегі түркі-моңғолдар үшін ер жетудің, азамат қатарына қосылудың өлшемі іспетті болғанға ұқсайды. Егер образ алынған саланың бірдейлігі (жылқы малына қатысты), әрекет ұқсастығы (жалдан, қанжығадан ұстап атқа міну) қазақ тілінің *ат жалын тартып міну* фразеологизмі мен моңғол тілінің *гар нь ганзганд, хөл нь дөрөөнд хүрэх* тұрақты тіркестерінде ұқсас образ бар екендігін білдірсе, аттың биіктігі ер баланың бойының өсуінің өлшемі болған жағдай салыстырылушы фразеологизмдердің образдық негіздерінің арғы жағындағы фонда да біртектілік орын алып жатқандығын көрсетеді.

Дүниенің қарабайыр бейнесі орта жасты «адамның өмірлік іс-тәжірибесінің жинақталып, қорытылып, белгілі бір әлеуметтік-қоғамдық дәрежеге қол жеткізген кезі» ретінде тіркейді. Мысалы, қазақ тілінде: *тіс қаққан, кәрі тарлан, көкжал бөрі, басында бағы, астында тағы бар, біреуге сүйеніш болу, дәулетіне сәулеті сай* т.б.; моңғол тілінде *долоо шархадсан чоно шиг* (сөзбе-сөз: «терісін алдырған қасқырдай») – әбден көкжалданған, жақсы-жаманды көріп, тақыстанған, *долоог донисон догь толгой* (талай тіміскілеген қақсал, әккі бас) – талайды көрген жырынды қу, *шүдлэн настайгаасаа аваад, шүдээ унатал юу эс үзэхэв* (сөзбе-сөз: «тісі бар жасынан бастап, тісі түсіп біткенше не көрмеген») – «өмірлік тәжірибесі мол», *нудрагатай амьта* (сөзбе-сөз: «жұдырықты аң») – «өмірдің ащы-тұщысын көріп, әбден ысылған»), *буянараа бултай* (сөзбе-сөз: «ырысы үйме-үйме»), *торгонд хөлбөрч, хурганд умбаж суух* (сөзбе-сөз: «торғынға бөленіп, тоқтыға оранып отыру»), *түшииг тулгуур болох* (сөзбе-сөз: «сүйеніш-тіреуіш болу»).

Қазақы дүние бейнесінің фразеологиялық фрагменті сақал-мұрттың, самайдың, шаштың ағара бастауын (қазақ тілінде: *самайын боз қырау шалды, шашына қырау түсе бастау, көк сақал, бурыл тартты, шар тартты*), бет әлбетті әжім торлап, бет терісінің көнетоздануын (*ажары кету, ажары таяу, кексе тарту*), көздің түсі оңып, жанардың өткірлігінен айырылуын (*көздің нұры таяу*) орта жаста адам бойында басталатын физиологиялық өзгерістердің «сыртқы белгілері» ретінде тіркейді. Ал орта жастың «ішкі» белгілерін құрайтын ақыл-ой, күш-қайраттың әбден толығып толысуы қазақ тілінде *кемелге жетті, кемеліне келді, күш-қуаты толысты*, моңғол тілінде *хун болсон* (адам болған), *эр цээлсэн,бие гүйцсэн* (сөзбе-сөз: «тұла бойы толық жетіліп біткен»), *насанд хүрсэн* (сөзбе-сөз: «жасқа әбден толған»), т.б. фразеологизмдері арқылы бейнеленеді.

«Кәрілік» қазақтың қарабайыр дүние бейнесінде адамның «қайрат-қажыры қайтып, күш-қуаты азайған кез» тұрғысынан сипатталып, оның символына ақ түс алынады. Бұл жағдайда «ақ» түс адам шашының, сақал-мұрттың тұтастай ағаруы мен кәрі адамның даналығын, ақыл-парасатын, жас ұрпақ алдындағы қадір-қасиетін білдіреді. Қарт адамның талай оқиғалардың куәгері болуы (*көне көз*), сақалының ағаруы (*ақсақал*), *тісінің сарғаюы ақсақалды, сары тісті*), организмдерінің ескіруі (*кәрі буын, кәрі құлақ, күлге шөккен кәрі бура, кәрі шөңге*), көру қабілетінің төмендеуі (*көз жанары суалды*), жасар жасының аз қалуы *бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, кәрі қойдың жасындай жасы қалу, асарын асып, жасарын жасаған* сияқты физикалық және физиологиялық өзгерістердің белгісі арқылы сипатталатын «Кәрілік» фразеосемантикалық өрісіне адамның осы

кезеңі о дүниемен, өліммен байланысты болатынын білдіретін *о дүниеге аттану, о дүниелік болу, көз жұму т.б.* фразеологизмдер де енеді.

Монғол дүние бейнесінің тілдік фрагментінде қарттықтың, кәріліктің суретті сипаттамасын жасауға *нас мултрах* (сөзбе-сөз: «жас ұлғаю») – шау тарту, *үе мултрах* (сөзбе-сөз: «кезең асу») – мүшел жастан асу, *хөөрдөг цээжтэй, хөрдөг бөгстэй* (сөзбе-сөз: «думан кеуделі, үйкеуіш бөкселі») – өзі кәрі болса да көңіл жас, *хөгшин хар хүү болох* (сөзбе-сөз: «кәрі қара бала болу») – жасы бір шамаға келу, *хөгшин хонины насгуй болох* (сөзбе-сөз: «кәрі қойдың жасысыз болу») – қарттық әбден жеңу т.б. тәрізді фразеологизмдер қатысады. Ал адамның өмірінің соңғы сәтін, о дүниеге аттануын моңғол тілі *бие барах* (сөзбе-сөз: «тұла бойы таусылу»), *нас нөгцөх* (сөзбе-сөз: «жас түгесілу»), *амьсгалын тоо гүйцэх* (сөзбе-сөз: «демнің саны біту»), *бурхан болох* (сөзбе-сөз: «құдай болу»), *бурхны оронд явах* (сөзбе-сөз: «құдайдың еліне аттану»), *амьсгал хураах* (сөзбе-сөз: «дем жинау»), *ертөнцийн мөнх бусыг үзүүлэх* (сөзбе-сөз: «дүниенің мәңгілік емесін көрсету»), *ертөнцөөс халих* (сөзбе-сөз: «дүниеден ғайып болу») сияқты дүниенің қарабайыр бейнесінің тілдік модельдері арқылы бекітеді.

Сонымен, адамның психологиялық жағдайының, сезім-күйінің адам бойында жүрілетін физиологиялық процестермен тығыз байланысы дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде екі жақты көрініс береді деуге болады. Мұнда адамның әр түрлі өмірлік кезеңдеріндегі немесе күнделікті тіршілік барысындағы қимыл-қылық, бет-әлпет, кескін-кейпіндегі өзгерістердің суретті сипаттамасы, біріншіден, адамның көңіл-күй, ішкі сезім-әрекетін бейнелеп, адам психикасының симптоматикалық жүйесін құраса, екіншіден, «сыртқы адам» портретінің құрылымына енеді. Бұл процесте соматикалық фразеологизмнің ішкі формасында образ түрінде орнығатын физиологиялық процесстің номинативтік сипаттамасы біртіндеп адамның психологиялық жағдайының бейнелі атауына айналады. Басқаша айтқанда, адамның белгілі бір сәттегі ішкі сезім-күйінің тілдік модельдері оның сыртқы симптоматикасының көрнекі түрдегі суретті сипаттамасымен қатарласа, жарыса жасалады.

Қорыта айтқанда, дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментін қалыптастыратын адамның ішкі сезім-жағдайы мен жеке басының қасиет-қадірінің сыртқы көрінісі туралы ұғым-түсініктер жиынтығы «адамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы әлемінің (физикалық) бірлігі, біртұтастығы» идеясын көркем тұрпатта суреттеп, бейнелейтінімен ерекшеленеді. Сондықтан адамның жүріс-тұрысы, қимыл-қылығы, іс-әрекеті, бет-әлпеті, сөйлеу әрекеті т.б. арқылы көрініс беретін адамның ішкі әлемінің «симптоматикасының» тілдік бейнесі және адамның «қарабайыр анатомиясы мен физиологиясы», «қарабайыр физиономиясы» туралы тілде бекіген білім қорын зерделеуде соматикалық фразеологизмдер «адам және оның ортасы» аралық байланыстың соматикалық коды ретінде жұмсалады.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде «ішкі адам» образы адамның сыртқы көзге көрінетін сыртқы дене мүшелерінің қызметі мен құрылысы үлгісінде сомдалады. Соның негізінде адамның қарабайыр «анатомиясы» адамның қарабайыр «физиологиясымен» толықтырылып, «ішкі адам» бейнесі «ішкі жан дүниені құрайтын» мүшелердің күрделі құрылымдық жүйесі, біртұтас организм ретінде көрініс береді.

Дүниенің қарабайыр бейнесінде адамның психофизиологиялық болмысы туралы «қарабайыр» білім қорының соматикалық коды қызметін атқаратын адамның дене мүшелері атаулары дүниенің мәдени бейнесінде этностың қоғамдық өмірінің сан алуан саласына қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесінің

элеуметтік кодына айналады. Бұл жағдайда өмірлік типтік жағдаяттар адамның өзін-өзі және өзі арқылы ақиқат шындықты тануының тілдік модельдері арқылы сомдалып, тіл «елегінен» өткізіледі. Осы тұрғыдан келгенде, тіл-тілдегі соматикалық фразеологиялық қор этностың құндылықтар әлемінің құрамдас бөлігі – адамның өзін-өзі тануына, өзі арқылы айналасын, ортасын, ақиқат шындықты тануға мүмкіндік береді. Тілдің бұл қабаты этномәдениет өкілінің әлемді өзі арқылы, өзінің ішкі болмысы мен сыртқы келбеті арқылы қабылдауын, тануын, пайымдауын суреттейді, қоршаған ақиқат болмысты адамның «қарабайыр анатомиясы» мен «қарабайыр физиологиясы» туралы ұғым-түсініктер арқылы модельдеуін көрсетеді. Дүниені танудың және қабылдаудың тілдік моделі ең алдымен тіл иесінің адамның дене құрылысы туралы түйген ойын, ұғым-түсініктерін береді, тіл өкілінің өзінің ішкі әлемі мен өзін қоршаған дүние-әлемді тануын, сезінуін, түйсінуін бейнелейді.

Фразеологиялық біртұтас мағынаның жасалуына ұйтқы болатын соматикалық компоненттің адамның тәндік базисін атап көрсететегін номинативтік мағынасы өзінің тілдік таңбалық табиғаты жағынан шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар туралы қоғамдық біліммен ассоциативті байланысқа түсетін фразеологиялық фондық мағынаның қалыптасуына арқау болады. Фразеологиялық фондық мағына мен оның адамға қарата ауыспалы мәнде қолданылуынан туындайтын фразеологиялық жиынтық мағына, сондай-ақ айтылмақ ойға экспрессивтік реңк үстемелейтін, соның нәтижесінде айтылымдық актіде әлем туралы хабарлау және субъектінің таңбаланған нысанға деген эмотивтік қатынасын білдіретін фразеологиялық коннотативті-бағалауыштық мағыналар фразеологизмнің мазмұндық құрылымдық жүйесінде тоғысым табады. Бұл үш жақты мағыналық тоғыста адамның қарабайыр анатомиясы мен физиологиясы (физиономиясы) туралы халықтық ұғым-түсініктер, қоршаған ортаның адам организмiне тигiзер әсер-ықпалын, себеп-салдарын элеуметтік контексте түсіндіретін концептуалдық білім қоры жинақталады.

Дүниенің тілдік бейнесінде бекіген адамның қарабайыр «анатомиясы» мен «физиологиясы» туралы көне түсініктер шеңберіне адамның интеллектуалдық әрекетінің заттық емес нәтижелері, адамның эмоциясы мен сезімінің лексика-семантикалық топтар мен өрістегі көрінісі, адамның психикалық, эмоциялық, интеллектуалдық, уәждемелі-қажеттілік жүйесі, адамның ішкі сезім жағдайының сыртқы симптоматикасы тұтастай қамтылатындықтан, оларды әлем туралы білім қоры ретінде пайдаланылатын концептуалдық жүйені мән-мағына, мазмұнмен байытатын тілдік интерпретациялық қайнар көз деп санауға болады.

Дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментінде соматикалық модельдер арқылы сомдалатын адамның қарабайыр «анатомиясы» мен «физиологиясын» – «ішкі жан дүниенің» ақыл, ес, елес, көңіл, жігер, жан, т.б. реальды емес «мүшелерінен», сан алуан психикалық реакциялар мен көңіл-күйдің туындауын, пайда болуын және көрініс беруін қамтамасыз ететін адамның тәндік жүйесінен, сондай-ақ адам денесіндегі бас, көз, мұрын, ерін, тіл, тіс, жақ, мойын, кеңірдек, алқым, қол, жүрек, бауыр, қан, ми, сіңір, тамыр, сүйек, аяқ, тізе, т.б. реальды органдардың біртұтастығынан тұратын күрделі жүйе деп түсінуге болады. Мұндай адам бойындағы реальды және реальды емес квазиоргандардың қатысуымен жасалған стереотиптік тілдік модельдер мен образдар адамның ішкі және сыртқы әлемінің тілдік бейнесін сомдайды. Оларды ой «сүзгісінен» қайтадан өткізіп, дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінің

соматикалық коды ретінде қарастыру көнерген ұғым-түсініктердің образды – ассоциативтік және прагмастистикалық күшін бағамдауға мүмкіндік береді.

Дүниенің тілдік бейнесінде бекіген адамның қарабайыр «анатомиясы» мен «физиологиясы» туралы көне түсініктер шеңберіне адамның интеллектуалдық әрекетінің заттық емес нәтижелері, адамның эмоциясы мен сезімінің лексика-семантикалық топтар мен өрістегі көрінісі, адамның психикалық, эмоциялық, интеллектуалдық, уәждемелі-қажеттілік жүйесі, адамның ішкі сезім жағдайының сыртқы симптоматикасы тұтастай қамтылатындықтан, оларды әлем туралы білім қоры ретінде пайдаланылатын концептуалдық жүйені мән-мағына, мазмұнмен байытатын тілдік интерпретациялық қайнар көз деп санауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Одинцова М.П. Языковые образы «внутреннего человека» // Язык. Человек. Картина мира: Лингвоантропологические, философские очерки (на материале русского языка). Ч. 1. / Под ред. М.П. Одинцовой. – Омск, 2000. – С. 11-28;

2 Арутюнова Н.Д. Введение // Логический анализ языка. Образ человека в культуре и языке / Отв. ред.: Н.Д. Арутюнова, И.Б.Левонтина. – М.: Индрик, 1999. – 424 с.

3 Телия В.Н. О специфике отабражения мифа психики и знания в языке // Сущность, Развития и функций языка. – М., 1987. – С. 65-74.

4 Гостев А.А. Образная сфера человека. – М., 1992. – С. 6-17.

5 Телия В.Н. О специфике отабражения мифа психики и знания в языке // Сущность, Развития и функций языка. – М., 1987. – С. 65-74.

6 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.

Резюме

В статье определяются стереотипные модели образа человека по соматическому коду, закрепленные в языковой картине мира казахского и монгольского народов. Соматические фразеологизмы рассматриваются как этнокультурный код, отражающий понятия о женской и мужской красоте, о привлекательности их или уродстве и возрастных особенностях.

Resume

Kazakh and Mongolian peoples' somatic code in expressing the linguistic image of the world, in presenting the stereotyped models of human, i.e. the beauty of women and handsomeness of men or ugliness are expressed through phraseologies of age.

ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ ИМЕНА КАК КУЛЬТУРНЫЕ ЗНАКИ

Г.К. АЮПОВА

кандидат филологических наук,

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли

К.А. ТЛЕГЕНОВА

кандидат педагогических наук,

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли

А.Ж. ДОСАНОВА

кандидат педагогических наук,

Университет «Туран- Астана»

Аннотация

Статья посвящена изучению прецедентных имен, которые рассматриваются как культурные знаки, реализующие «пропозициональную установку», рассматриваемую в качестве оперативной единицы знания, реализуемой в особой синтаксической конструкции.

Ключевые слова: прецедентное имя, прецедентная ситуация, национально – культурные прецеденты, культурные знаки.

Под прецедентными именами понимаются единицы, которые включают в себя сгустки национального колорита, состоят из тех национальных ингредиентов, которые именно придают своеобразие национальному языку. Их можно называть национально-культурными прецедентами, чтобы еще раз подчеркнуть их национальную сущность.

Прецедентное имя - это содержательный культурный знак, который неразрывно связан со своим носителем и содержит важную информацию о нем, обладает способностью обозначать признак в отвлечении от своего носителя. В рамках теории прецедентности (Ю.Н. Караулов, В.В. Красных, Д.Б. Гудков, Г.Г. Слышкин) прецедентные имена относят к прецедентным феноменам, наряду с текстом, ситуацией и прецедентным высказыванием [1].

Прецедентное имя - это индивидуальное имя, связанное или с широко известным текстом, как правило, относящимся к прецедентным, или с прецедентной ситуацией. Это своего рода сложный знак, при употреблении которого в коммуникации осуществляется апелляция не к собственно денотату (референту), а к набору дифференциальных признаков данного прецедентного имени. Этот набор может состоять из одного или более элементов, обозначая при этом одно понятие. Обладающие известностью в рамках определенного языкового коллектива, имена могут обретать понятийное содержание, и как следствие, способны не только указывать на конкретного индивида, но и обозначать множество объектов, приписывая им определенные признаки, свойства, качества (т.е. функционировать подобно нарицательным) [2], [3].

К таким прецедентным именам, реализующим определенные признаки, относятся, например, *Д. Вашингтон (the Father of the country)*, *Джон Бул* (символ типичного англичанина), *Аз Таже* (символ мудрости), *Абылай хан* (боевой клич),

Кенесары хан (символ борца за независимое казахское ханство), *Кобланды батыр* (символ батыра), *Тохтар Аубакыров* (символ события, связанного с освоением космоса).

Прецедентные имена рассматриваются как культурные знаки, реализующие «пропозициональную установку», рассматриваемую в качестве оперативной единицы знания, которая реализуется в особой синтаксической конструкции (имя пропозициональной установки + имя собственное) [3].

В процессе такого употребления имени собственного наблюдается явление, которое полностью относится к сфере наших знаний о событиях и фактах, ставших прецедентными. И в этом случае речь идет о таких явлениях, когда отдельное слово предстает как целое событие. В первую очередь, это касается имен собственных. В этом случае особую роль играют имена пропозициональной установки языка, которые становятся идентификаторами, актуализирующими то или иное событие, «скрывающееся» за именами собственными.

Имена пропозициональной установки вводят целые события, которые представлены в имени собственном. Благодаря тому, что в данном случае имена собственные являются пропозицией, хранящей определенные знания, то становится возможным воссоздание отдельного события, более того целой эпохи, только путем «указания» на это событие, «какими-либо намеками».

Так, прецедентное имя *John Bull* (Джон Булл) известно английскому обществу с XVIII века. Традиционно полагается, что автор этого образа Джон Арбетнот, личный врач королевы Анны. Вот уже более двух веков имя Джона Булла выступает как нарицательное. Это имя обозначает истинного англичанина. Во времена Диккенса Джон Булл стал восприниматься как символ всего британского. Это символ типичного англичанина изображен на рисунках как высокий, грузный, грубоватый человек, рядом с которым обычно бульдог; нередко передает отрицательную оценку (по имени простоватого фермера в памфлете) *The history of John Bull*, Дж. Арбетнота (1667-1735) [John Arbuthnot].

Henri VIII (Генри VIII). Король Англии, который не признавал папу главой церкви, порвал с Римской католической церковью, объявил себя главой английской церкви [Anglican Church], имел шесть жен, с двумя из них развелся, а двух казнил. Поддерживал образование и способствовал росту могущества Англии.

Bush House. Здание в центре Лондона, построено в 1931 г. В нем размещена всемирная служба Би-Би-Си.

Big Ben (Большой Бен). Колокол часов-курантов на башне здания парламента в Лондоне, весит 13т. Установлен в 1958 г., сокр. от имени главного смотрителя работ сэра Бенджамина Холла (Benjamin Hall).

Также широко известны такие прецедентные имена, как Tom Sawyer (Том Соьер), Robin Good (Робин Гуд), Duck Tracy (Дик Трейси), Mark Twain (Марк Твен), Paul Bunyan (Пол Баньян) - легендарный герой, который никогда не растает с ружьем (Long Betsy - длинная Бетси) и др.

В казахском обществе широко известны такие прецедентные имена, как Касым-хан, Кенесары, аз Тауке, Есимхан, Абылхаир, Кобланды батыр, Богенбай батыр, Казыбек би, Айтеке би, Коркыт ата, Кыдыр ата, Умай-ана, Козы-Корпеш и Баян, Кыз Жибек и Тулеген, Айман-Шолпан, Бауыржан

Момышулы, Нуркен Абдиров, О. Сулейменов, М. Ауэзов, Д. Досжанов, Т.Аубакиров и др.

Прецедентные имена широко представлены во фразеологизмах, а также в казахском фольклоре, художественных текстах: *Есімханның ескі жолы* (свод законов повседневной жизни, сборник традиций), *Қасымханның қасқа жолы* (свод законов повседневного быта, обычаи), *Күлтөбенің басында күнде кеңес* (о собраниях, которые проводятся часто (в современном значении); о совещании, которое устроил Тауке хан на горе Күлтөбе).

К числу ключевых имен казахской культуры, несомненно, относится Абай, с чьим именем связано несколько базовых для национального самосознания, казахского народа идей. Главная идея, красной нитью проходящая через все творчество великого поэта и нашедшая свое концентрированное выражение в его «Сегіз аяқ», это идея получения знаний, идея честности. Абай, перечисляя и описывая отрицательные явления, наблюдающиеся в народном быте того времени (лень, зависть, пустословие, угодничество, ложь, предательство, бахвальство, невежество и др.) призывает к трудолюбию, честности, к знаниям, к упорству, эта идея изложена в следующих строках, являющихся актуальными во все времена:

«Бірінді, қазақ, бірін дос
Көрмесен, істің бәрі бос» [4].

Абай считает, что мы не станем единым народом, единым организмом, до тех пор, пока каждый из нас не станет относиться к другому как к другу, не будет сочувствовать, сопереживать, помогать, не будет чувствовать себя частицей большого целого. Только так формируется единство народа, которое является залогом большого будущего[5].

Вторая идея, ассоциирующаяся с образом Абая, это идея осознанного отношения человека к самому себе, к своей жизни, к окружающим, идея выстраивания в его сознании ценностных приоритетов, формирования в человеке понимания истинности и ложности, вечного и приходящего, что очень четко выражается в его следующих строках:

Бес нәрсеге асық бол,
Бес нәрседен қашық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
*Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат рақым – ойлап қой,
Бес асыл іс, көнсеңіз»* [4].

То есть, если человек ищет смысл жизни, хочет достичь чего-то в жизни, он должен знать, что его врагами являются: злословие, ложь бахвальство, лень и расточительство, а главными ценностями человека являются требовательное отношение к самому себе, трудолюбие, ум, умение быть благородным, готовность к оказанию помощи нуждающемуся в ней. Ум не дается человеку как раз и навсегда данная реальность, его нужно развивать через знания, науку, поэтому стремление к знаниям, к науке является лейтмотивом многих произведений Абая.

Третья идея, представленная в текстах, связанных с именем прецедентного героя, это идея человечности, идея становления и формирования гуманитарной личности. «Адам бол». Абай Кунанбаев указывал на те качества, которые необходимы для формирования личности, человека в стадии совершенствования «Адам болды», а именно: *талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой*. Уровень совершенной личности «Адам болды» понимается в не только значении *ер жетті, жұрт қатарына қосылды, өз бетімен тіршілік етуге жарады*, но и в значении «беделді», «құрметті», «өзіне лайық орында болу», т.е. показал себя в качестве достойного члена общества.

Достойный член общества – *это человек долга, человек слова, человек дела, в человеке все должно быть прекрасно, человек – это звучит гордо, во всей красе* и др.

Адам болды: *атадан асыл туды, адам баласы, адам болды, адам қатарына қосылды, адал сұт емген (тәрбиелі), ағаштан түйін түйеді (өнерлі), адамнан асқан, ақ сұңқар, ақ үстінен қара таныды (дұрыс-бұрысын білді), қадірлі адам, құрмет көрсетелік, атаққа ие болды, бас көрсетті, арманынан шыққан, ауқатты адам* и др.

Абай как человек долга олицетворяет чистую совесть народа. Он защищает слабых, помогает беднякам, ср.: «Килікпендер, арсыздар! Бұның сөзі әкемің құдай алдына жауап беретін нені ұғып, ойлаушы ендер, аңдар! Көр кейде арсыздар! Меккеге бара жатқанда да әкем осындай күнәм бар деп бара жатқан жоқ па? – деп, Майбасар мен Тәкежанға ауыз аштырмады. Сол сәтте Дәркембайға бетін бұрып: - Дәркембай! Айпасыңа болмаған шығар. Орайлы оразам болған соң қысылмақ жерде айтсаң да, айыптай алмаймын. Мен қарыздармын әкем үшін. Қарғмай, сілемей қайта бер, жарқыным. Сөзің жетті маған. Етім түгіл сүйегімнен өтті. Бар, қазір жүре беріндер! – деп Дәркембайды сүйеп тұрғызды да, Дәрменге қалтасынан жүз сом шығарып беріп, ол екеуін жөнелтіп салды» (М.Әуезов. Абай жолы, 17 б).

Таким образом, анализ прецедентных имен, реализующих «пропозициональную установку», позволяет рассмотреть имя собственное как культурный знак, за которым стоит определенное историческое, культурное событие или нравственное понятие, легшее в основу морали общества.

Список литературы

- 1 Слышкин Г.Г. От текста к символу: лингвокультурные концепты прецедентных текстов в сознании и дискурсе.– М.: Academia, 2000. –128 с.
- 2 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1981. – 261 с.
- 3 Красных В.В. Современная научная парадигма. Лингво-когнитивный подход // Русский язык: исторические судьбы и современность. – М.: МГУ, 2004. – С.120-121.
- 4 Гудков Д.Б. Прецедентные имена и парадигма социального поведения // Лингвистические и лингводидактические проблемы коммуникации. – М., 1996. – 124 с.
- 5 Кубрякова Е.С. Язык и знание. На пути получения знаний о языке: части речи с когнитивной точки зрения. – М., 1997. – 98 с.
- 6 Абай Кунанбаев. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлендер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер/Абай (Құнанбаев, А.). – 2004. – 216 б.

Түйін

Мақалада прецеденттік есімдер тарихи, мәдени оқиғаларды немесе қоғам моралінің негізгі болатын ізгілік ұғымдарды білдіретін мәдени белгі ретінде қарастырылады.

Resume

The article considers names as cultural marks which define historical, cultural event or moral concept that is the main of society.

ӘОЖ 37.371

Н.М. ҚОҚЫШЕВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Еуразия гуманитарлық институты

Ш.А. ЖҰМАҒҰЛОВА

аға оқытушы

Еуразия гуманитарлық институты

ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕКҚОРЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Атаулы мақалада қазіргі таңда өзекті болып табылатын жастарды еңбекқорлыққа, руханилық, адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері кеңінен қарастырылады. Бұл мәселе уақытпен дәлелденген, өйткені қажырлы, еңбекшіл, талапты адам ғана жаңа қоғамымызға өз септігін тигізе алады.

Түйін сөздер: тәрбие, стиль, қоғам, тұрмыс-тіршілік.

Қашаннан бері халық арасында «адамзаттың болашағы жастар қолында» деген әділ сөз бар. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі заманда жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, оларды қажырлыққа тартып, еңбекке баулу, өмірде кездесетін қиыншылықтарға төзімді болуға шақыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Өйткені осы сағылардан өткен адам ғана қоршаған ортасына, қоғамға өз еңбегін сіңіріп, септігін тигізбек, ал руханилық пен адамгершілік болса, өз мінез-құлқы мен жасайтын қылықтарынан көрінетін жеке тұлғаның негізгі сипаты болып табылады.

Жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеу заман шындығымен дәлелденіп отыр. Бұл қажеттілік оның сапасымен, маңыздылығымен, адамның адамгершілік қасиеттерінің жалпы жүйеде алатын орнымен анықталады. Еңбекқорлыққа баулудың педагогикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-саяси және экономикалық да мәні бар. Қажырлыққа тәрбиелеудің әлеуметтік және педагогикалық маңызы біздің тез дамып келе жатқан қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық міндеттерімен байланысты.

Қашаннан қанымызда бар кезінде көшпенді қазақ халқының еңбекқорлық қасиеті, әрине, оның тұрмысынан, кең сары даладағы тіршілігінен, мінезінің сабырлылығынан, жайсаңдығынан, қарапайымдылығынан, алыстан қонақ келсе, барлық адал асын алдына қойып, қонақжайлылық көрсетуінен көрінеді. Осының барлығын болашақ мамандарды оқыту барысында ескеру қажет, еңбектің адамдардың тұрмыс-тіршілігінің негізгі тұғыры

екенін, еңбекқорлық қана көптеген жағдайда адамның қоғамдағы әлеуметтік орнын анықтайтынын түсіндіріп, санасына жеткізу керек.

Қоғамның дамуына байланысты әр түрлі топтардың әлеуметтік құрамы, олардың атқаратын қызметі өзгереді. Мәдени адам ұғымы оның киінуінен, ортада өзін дұрыс ұстауынан, сөйлеуінен, тілін, ділін, тарихын және т.б. құрметтеуінен көрінетін болса, бұл жағдай еңбектенуді, көп ізденуді талап етеді.

Оқу үдерісінде жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жұмысқа тиянақты болуға шақыру мақсатында өзіндік стильдік ерекшелігі бар, жазу мәнері мен баяндау мәнісі өзгеше қаламгер Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы кейіпкерлер арқылы да жеткізуге болады.

Қарапайым тірі жандардың өмірі, олардың бастан кешкен жағдайлары, өзара қарым-қатынастары, махаббат пен өкінішке, адалдық пен қақтығыстарға толы туындыларының кейіпкерлері де автордың өзі сияқты еңбекқор, төзімді, шыншыл, әділ, сөзіне берік болып келеді.

Мысалға алатын болсақ, «Боранды бекет» романындағы кейіпкер Едігей сондай адам. Ол тапсырған істі мұқият орындайтын, жұмыстың қайсы түрінен болса да бас тартпайтын, қасында жүрген адамдарға осы тұрғыдан үлгі болар бейне. Осы туындыны оқу барысында сары дала, адамзат, адамгершілік, тұрмыс-тіршілік, еңбек сынды ұғымдарды ой желігінен өткізіп, жүрегіне ұялатасың. Кейіпкердің іске деген көзқарасы, оны орындауы, қажырлылығы таң қалдырады.

«Үкібала кетіп бара жатып, қипақтап тоқтады да, ары қарай жүре берді. Бірақ Едігенің өзі дауыстап тоқтатты: - Әй, ұмытпа, алдымен Шаймерден кезекшіге кір, менің орныма біреулерді жіберсін. Мен кейін қарымын қайтарамын. Қаңыраған үйде өлік жападан-жалғыз күзетсіз жатыр, не масқара... Айт сөйтіп... Әйелі басын шұлғып, жүре берді. Сол ортада дистанциялық қалқанның қызыл сигналы көзін қайта-қайта қысып, үілдеп қоя берді. Боранды разьезіне жаңа состав таянып қалған екен. Кезекшінің командасы бойынша, оны запас жолға жөнелту керек. Өйткені қарама-қарсы жақтан басқа пойызды өткізіп жіберу қажет. Кәдуілгі шаруа. Пойыздар өз жолдарына түсіп, жылжып жатқанда, Едіге тағы бірденені айтуды ұмытып кеткендей, әлсін-әлсін әйелінің соңынан көз тастай берді [1]. Не деген жұмысбастылық, жауапкершілік, адамгершілік... Осы тұстарды жастарға талдай отырып, олардың санасына жауапкершіліктің не екенін, жанашырлық қасиеттің қандай болатынын түсіндіруге тырысу керек, жүрегіне қонатындай жеткізе білу қажет, оларды ізденімпаздыққа баулып, өздік шешім қабылдауға үйрету керек.

Қажырлылық, шыдамдылық, төзімділік, руханилық, адамгершілік қасиеттері адамға әдебиет, өнер, халық даналығы арқылы келеді. Мұндай адам күнделікті өмірде үнемі ерекшеленіп отырады. Ол кез келген қиындықты мойынсұнбай, онымен күресе біледі, қиналған адамға жәрдем беріп, оған көмектесуге тырысады, үлкенді сыйлап, кішіні аялауға талпынады, қоғам және табиғатпен үйлесімділікте өмір сүруге қадам жасайды, өйткені бойындағы асыл қасиеттердің барлығы жеңіл жолмен келмейді.

Еңбекқорлық - адам бойындағы маңызды құндылықтардың бірі, рухани қазынасы. Ол біршама ұқыпты қарауды қажет етеді, оның мәдениетте алатын рөлі зор. Қазіргі жастар осы қағиданы үнемі есте сақтауы тиіс. Әр адамның парызы – қоғамға, еліне қажырлы еңбек ету, ғылымның қай саласында болмасын, өзін алған білімдерімен дәлелдей білу, теориялық азықтарын іс жүзінде пайдалы көресту.

Адамдардың көпшілігіне адал және тапжылмай еңбек ету қасиеті тән. Олар үшін еңбек ету маңызды құндылық болып табылады. Адамның еңбекке деген осындай құрметпен қарауы ұрпақпен келмейді, уақытпен тәрбиеленеді. Қазіргі таңда қоғамымыз адами фактордың белсендірілуімен сипатталады, бір ағымда тұрмайды, әлеуметтік ақпараттар тез жетіп, тез тарайды. Дұрыс адам, білікті маман болсын десек, өмір шындығын келтіре отырып, оқу-тәрбиелік үдеріс арқылы шынықтыруымыз қажет.

Әр адам өз тағдырын шешеді. Ал оның тағдыры оның абыройлы қызмет етуінен, өз ісіне аса жауаптылығымен, ұқыптылығымен жасалады.

Қазіргі бәсекеге қабілетті мамандарды талап ететін қоғам заманында еңбекке оң қарамайтын адам бір орында көп тұрмайды, қоршаған ортасына пайдасын тигізбейді, басқа

ұйым, мекемелерде жұмыс табуы екі талай. Жастарды еңбекқорлыққа баулу мәселесі қазіргі заманда өзіндік ерекшелікке тән, оны жетік түсініп алмай, атаулы үдеріске ұтымды және тиімді жетекшілік ету әбден мүмкін емес. Сондықтан еңбекқорлыққа тәрбиелеу мәселесінің өзектілігі жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Айтматов Ш. Борандыбекет. Алматы: Жалын, 1986. – 456 б.
- 2 Сергеева Д.В. Воспитание детей дошкольного возраста в процессе трудовой деятельности. – М.: Просвещение, 1987. – 96 с.
- 3 Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Педагогика, 1991. – 479 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы воспитания молодежи трудолюбиво, гуманности и духовности. Эта необходимость доказана временем и до сих пор остается актуальной. Только интеллигентный и трудолюбивый человек может вложить вклад в развитие общества.

Resume

The problems of youth upbringing are considered in this article. This problem is topical nowadays. Only intelligent and hard working person could make contribution in the development of the society.

ӘӨЖ 81.22

СӨЗДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

А.Т. САНДЫБАЕВА

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
1-курс PhD докторанты

Аннотация

Мақалада тілдік жүйедегі сөздің лексикалық мағынасының құрылымы денотат, сигнификат және коннотат үштігі тарапынан қарастырылады. Барша адамзатқа ортақ ұғым мен оның лексикалық мағынасының жоғарыда берілген үштік призмасы арқылы көрінісі беріледі.

Түйін сөздер: ұғым, сөз, лексикалық мағына, денотат, сигнификат, коннотат, десигнат.

Сөз мағынасы – логика, философия, психология, лингвистика тәрізді ғылым салаларында қарастырылатын күрделі, қиын мәселелердің бірі. Лексикалық мағынаға дәл ғылыми анықтама беру қиыншылық тудырды. Анықтамаларда «нақты, реалды мағына», «негізгі мағына», «заттық мағына», «материалдық мағына» тәрізді терминдер қолданылып келеді. Көмекші сөздердегі грамматикалық мағына да, басқа қолайлы терминнің болмауына байланысты лексикалық мағынаның құрамында қарастырылады. XX ғасырдағы дәстүрлі тіл білімінде сөздің мағынасы алғаш жалпы лексикологиялық тұрғыдан

қарастырылды. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары болатындығы айқындалды. Лексикалық мағына әуелгі кезде лексикологияның қалыптасқан «семантика» құрамында зерттеле бастады. Кезінде орыс тіл біліміндегі дәстүрлі лексикологияда (В.В. Виноградов, т.б.) сөздің лексикалық мағынасы *атауыш мағына, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына* түрлеріне бөлініп, қарастырылып келгендігі белгілі.

Лексикалық мағынаның құрылымында бірізділік жоқ. Нақтырақ айтатын болсақ, сол құрылымды жіктеуде және сол жіктелімді атауда бірізділік жоқ. Мысалы, М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» деген еңбегінде лексикалық мағынаның басты үш түрін атап көрсетеді: денотаттық, сигнификаттық және эмоциялық мағына [2]. Ғалым сөз мағынасының құрылымын анықтаудың бірнеше жолын көрсете келе, «Біздіңше, сөз мағынасының құрылымдық элементтері туралы сөз болғанда, негізінен, төрт мағына элементтеріне тоқталған жөн. Олар: денотаттық мағына бөлшегі, сигнификаттық мағына бөлшегі, эмоциялық мағына бөлшегі және тілдің ішкі құрылымымен байланысып қана қоймастан, адамдардың түрлі қызметімен, көп қырлы тұрмыс жағдайларымен, ынтасымен адамзаттың барлық өмірін қамтуы керек. Сондықтан да сөз мағынасында, кей ғалымдар көрсеткеніндей, сөйлеушінің жасына, өмір тәжірибесіне, тіпті ұлттық ерекшеліктеріне байланысты мағыналық элементтердің болуы мүмкін. Біздіңше, бұлар сөз мағынасында шешуші қызмет атқармайды, атқарса да эмоциялық мағына аясында қалып қояды. Сөздің метафоралы, метонимиялы және синонимдік, антонимдік қасиеттері де мағынамен тікелей байланысты. Бірақ бұлардың табиғатын анықтау басқа жоспардағы зерттеу жұмысына қалар еді» [2] – деп, сөздің семантикалық мағынасын анықтауда денотат, сигнификат, коннотаттық мағыналарды айыра білудің рөлі ерекше екендігін айтады. Қ.Сарекенованың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» оқулығында денотаттық, сигнификаттық, эмоциялық, коннотаттық мағына түрлері берілген [7]. Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаевтың еңбегінде атауыш мағына, түпкі мағына, еркін мағына, бейтарап мағына түрлері берілген [1].

И.М. Кобозева еңбегінде ақпараттың лексика-семантикалық компоненттері тараушасында: сигнификативті, денотатты және прагматикалық компоненттер қарастырылады. Соңғы компонентке лексеманың коннотаттық мағынасын талдайды. Сонымен қатар лексикалық синтагматикада лексикалық тіркесімділік, валенттілік секілді құбылыстарды қарастырады.

Біз де сөздің лексикалық мағынасының құрылымы дегенде оның денотаттық, сигнификаттық, коннотаттық және құрылымдық компоненттерін жатқызамыз. Енді әр компонентке бөлек тоқталып, барынша кең түрде ақпарат беруге тырысайық.

М. Оразов денотаттық мағына туралы былай дейді: «Сөздің денотаттық мағынасы туралы сөз болғанда, ең алдымен оның объектив дүниедегі заттар мен түрлі құбылыстарға, заттардың амал-әрекеті мен түрлі қасиеттерін бейнелеп беру мүмкіндігі бірінші орында тұруы керек. Кез келген сөздің мағына құрамында объектив дүниедегі заттармен байланысып жататын элемент бар дегенде осы денотаттық мағына еске түседі. Кей тілші ғалымдардың «Сөз – зат не түрлі құбылыс атауы» дегенде осы қасиетті басты өлшем етіп алғаны анық көрінеді. Сөз мағынасының қалыптасуы мен объектив дүниені бейнелеу қасиетін бір жақты түсіну, бір сатылы құбылыс деп қарау дұрыс болмайтындығы қандай анық болса, сөз мағынасын бір ғана объектив дүниедегі заттардың бейнесі деп түсіну де дұрыс болмайды. Сондай-ақ тіл бір не он ғасырдың жемісі емес. Ол өте ұзақ даму жолын

басып өтіп, өзінің о бастағы объектив дүниемен байланысу формасын да өзгерткен. Осы ұзақ және үздіксіз дамудың нәтижесінде ғана сөз сөйлеу процесінде, белгілі бір заттың атауы ретінде, оның орнына жұмсалып, араларына теңдік қоятын дәрежеге келеді. Сол үшін де адамдар өзара сөйлескен кезде заттарды көрсетіп, түрлі амал-әрекет, қимылдар жасап жатуы шарт емес. Мысалы, «Қар – аппақ, мүлкі – қызыл, бүркіт – қара, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай)» дегенде қарды, бүркітті, түлкіні, түрлі түстерді көз алдымызға келтіреміз, бірақ қардың, түлкінің, бүркіттің нақ сол жерде болуы шарт емес. Бұл, әрине, бір жағынан тілдің таңбалық қасиетімен байланысып жатса, екінші жағынан, сөз мағынасына да қатысты» [2]. Бұл жерден түсінетініміз денотат – белгіленуші зат, заттың нақты атауы және әртүрлі реңк тудыратын үстеме мағынадан тыс сөздің негізгі мағынасы.

Сигнификат туралы ғалым «Егер байыптап қарайтын болсақ, сигнификат денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айырмашылығы сол – ой субъективті қасиетке ие. Екінші сөзбен айтқанда сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді. Ал ұғымнан айырмашылығы – ұғымда мидың қызметі негізінде түйсік арқылы алынған информациялар анализ, синтез жасалынып жеке адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, рухани қалпына т.б. қарай мағыналық мән қосып күрделенсе, сигнификатта ондай жеке адамға тән болған индивидуалдылық қасиет болмайды. Соның үшін де сөз мағынасын анализ жасағанда семаларға ажыратады. Осы семалар сигнификаттық мағынаның негізіне жатады» [2] – деп, ой қорытады. Түсінуімізше сигнификат қандай да бір таңбаның ұғымдық мазмұнына тең келеді.

